БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 239 (9557) | 1954 жылғы 3 декабрь Жұма | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Кеңесі (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: **М. Сәдуов.** — Бастауыш партия ұйымдары секретарларын тәрбиелеу. **Б. Кәрімбаев.** — Аудан партия оқуы жүйесінде. (2-бет).

БЕСЖЫЛДЫҚТЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАЙЫҚ: **Ш. Бекежанова.** —Тігіншілердің сөзі мен ісі. **В. Ахременко.**— Жас машинистердің табыстары (2-бет).

Т. С. МАЛЬЦЕВТІҢ ӘДІСІ—ЕГІН ШЫҒЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛЫ: **М. Босв.** — Топырақты дұрыс өңдеу керек. **С. Сибғатуллин.** —Т. С. Мальцев әдісі—егіннен мол өнім алу әдісі. **Л. Дьяченко** —Творчестволықпен қолданылатын әдіс. **В. Соколов.** —Жаңа әдісті қолдану жолында (3-бет).

ОБЛЫС МЕКТЕПТЕРІНДЕ: **А. Сейітбеков.** —Мектеп комсомол ұйымдарының жұмысы жақсартылсын. **К. Асылтаев.**— Үгітші мұғалім (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Колхоз бастауыш партия ұйымы

Облыс колхоз партия ұйымдарының октябрь, ноябрьде болып өткен есеп беру-сайлау жыйналыстары, бірқатар аудандық партия конференциялары ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендету программасын жүзеге асыруда қол жеткен табыстарды атап көрсетті. Колхоздардың егіс көлемі еселеп артты. Тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі жоспар артығымен орындалды. Келесі жылдың көктемгі егісіне қажетті жер толық дайындалды. Осы сыяқты, бірқатар колхоздар қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға ие болды.

Бұл табыстар, сөз жоқ, еңалдымен колхозшы шаруалар бұқарасы арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмыстың нәтижесін және бастауыш партия ұйымдарының колхоз өндірісіне ықпалының зиянды артқанын дәлелдейді. Бұл жөнінде Ленин ауданы, «Тропинка Ильича» колхозы партия ұйымының жұмысын мысалға алуға болады.

Колхоз партия ұйымының есебіндегі 15 коммунистің басым көпшілігі өндірістің шешуші участоктерінде жұмыс істеп, еңбекте өнеге көрсетіп келеді. Коммунистер Максим Абраменко онбес жылдан бері малшы, Анна Воронина шошқа күтуші болып істейді. Олардың әрқайсысы быйыл 450—500 еңбеккүн тапты. Коммунистер Пахомов, Яковлев жолдастар басқарған егіс бригадаларында дөңді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 11 центнерден, ал кейбір участоктерден 18—19 центнерден өнім жыйналды.

Коммунистердің еңбекте өнеге көрсетуіне жетісумен бірге партия ұйымы, оның секретары Солдаткин жолдас колхозшы шаруалардың саяси және өндірістік белсенділіктерін арттыру, олармен байланысты нығайту мәселелеріне ерекше назар аударып отырады. Бұл мақсатқа партия ұйымы бұқаралық-саяси жұмысты мазмұнды, шаруашылық міндеттермен байланыстыра жүргізуі, бұл жөнінде үгіт коллективіне көмек көрсету, колхоз өндірісінің мәселелері талқыланған ашық партия жыйналыстарына партияда жоқ активтер мен қатардағы колхозшыларды көптеп қатыстыру арқылы жетісіп келеді. Колхозда үгітшілердің әңгімелері, саяси баяндамалар, партиялық

Бұл жолдастар партия ұйымының ролін күшейтпейінше ауыл шаруашылығының алдында тұрған міндетті ойдағыдай шешуге болмайтынын неге ескермейді?

Партия ұйымы колхоздағы істің жайына, ауыл шаруашылығының барлық саласы шұғыл өркендеуіне толық жауап береді. Ол колхозшы шаруалар арасындағы саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастырып, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкметтің алға қойып отырған міндеттерін терең түсіндіруге, сөйтіп, колхозшылардың қажырлы еңбек етуіне жетісуге тиіс. Бұл күндері колхоз партия ұйымдарының кезек күттірмейтін маңызды міндеті мал қыстату маусымын үлгілі ұйымдастыру, көктемгі егіске әзірлікті қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл мақсатқа жету үшін партия ұйымдары еңалдымен партиялық ішкі жұмыстың дәрежесін онан әрі жақсартып, коммунистердің өндірісте авангардтық роль атқаруына, қажырлы еңбектерімен және үлгілі сөздерімен басқаларды соңдарынан ерте білулеріне жетісуге тиіс. Сонымен қатар, партия ұйымдары колхозшылар бұқарасымен байланысты нығайтып, социалистік жарысты пәрменді ұйымдастыруға міндетті. Бұл үшін колхозшы шаруалар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастыру, колхоз өндірісінің түбірлі мәселелері талқыланатын ашық партия жыйналыстарына партияда жоқтарды үнемі қатыстырып отыру қажет.

Колхоз партия ұйымы жұмысының жемісті болуы оның секретарының білімі мен істегі қабілеттілігіне тікелей байланысты. Партия ұйымының секретары партиялық-саяси және шаруашылық жұмыстардың түйінді мәселелерін көтеріп, ол мәселелерді жүзеге асыру жолына коммунистер мен колхозшы шаруаларды жұмылдыра білуге тиіс. Коммунистерге партиялық тапсырма беру жеткіліксіз. Мәселе ол тапсырманы қалай орындау жөнінде кеңес беруде, оның орындалуын тексеруде. Партия ұйымдары комсомол ұйымдарының жұмысына басшылық пен көмекті күшейтуге тиіс. Комсомолецтер мен жастардың өндірісте авангардтық роль атқаруларына баса назар аудару қажет.

Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Кеңесі

1954 жылғы 30 ноябрьдегі екінші мәжліс туралы

МАЗМҰНДАМА

30 ноябрьде европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Кеңесінің екінші мәжлісі болды. Поляк делегациясының басшысы —Поляк Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Ю. Циранкевич председательдік етті.

Мәжлісте Чехословак делегациясының басшысы —Чехословак Республикасының премьер-министрі Вильям Широкийдің мәлімдемесі және Герман Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы —Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротевольдің мәлімдемесі тыңдалды.

Келесі мәжліс 1 декабрьде күндізгі сағат 2-де болады.

1954 жылғы 1 декабрьдегі үшінші мәжліс туралы

МАЗМҰНДАМА

1 декабрьде европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Кеңесінің үшінші мәжлісі болды. Герман Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы, Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротеволь председательдік етті.

Мәжлісте Албан делегациясының басшысы, Албан Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің орынбасары Мануш Муфтиудің мәлімдемесі, Румын делегациясының басшысы, Румын Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Киву Стойконың мәлімдемесі, Қытай Халық Республикасының өкілі, Сыртқы Істер министрінің орынбасары, Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі елшісі Чжан Вэнь-тяньнің мәлімдемесі, Венгер делегациясының басшысы, Венгер Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Андраш Хегедюштің мәлімдемесі және Болгар делегациясының басшысы, Болгар Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Антон Юговтың мәлімдемесі тыңдалды.

Келесі мәжліс 2 декабрьде таңертеңгі сағат 10-да болады.

Бұл мәжлісте ССРО, Поляк Халық Республикасы, Чехословак Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Болгар Халық Республикасы және Албан Халық Республикасы үкметтерінің бірлескен декларациясының жобасы қаралады.

Кеңестің күнделігі

МОСКВА, 30 ноябрь. (**СОТА-ның арнаулы тілшісі**). Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Кеңесінің екінші мәжлісі болды. Поляк Халық Республикасы делегациясының басшысы Юзеф Циранкевич председательдік етті.

Чехословак Республикасы делегациясының басшысы. Чехословак Республикасының премьер-министрі Вильям Широкий талқыланып отырған мәселе жөнінде бірінші болып мәлімдеме жасады.

Бостандық сүйгіш және бейбітшіл әрбір халықтың мүдделері, деді ол, Батыс Германияда милитаризмді қайта тудыру және Батыс Германияны кейбір Батыс мемлекеттерінің агрессияшыл топтарына қатыстыру әрекеттеріне барлық күшпен жол бермеуді талап етіп отырғанын тарихи тәжрибе чехословак халқына үйретті. Сондықтан чехословак үкметі Европа да коллективтік хауіпсіздік системасын тыс державаларының Батыс Германиядағы саясаты, әсресе Париж келісімдері Потсдам декларациясының былай делінген және олар үшін міндетті бөлімін қорлағандық болып табылады: «герман милитаризмі мен нацизмі құртылады, сөйтіп олақтастар, бір-бірімен келісе отырып, кәзір және болашақта, Германияның өз көршілеріне және бүкіл дуние жүзінде бейбітшілікті сақтауға енді ешуақытта да қатер төндірмейтін болуына қажетті басқа шараларды да қолданады».

В. Широкий, Париж келісімдерін бекіту Батыс германиялық милитаристердің агрессия жасауына жол ашып берген болар еді, деді. Чехословак үкметі, деп көрсетті ол, Совет ұсыныстарына сәйкес, Европада коллективтік хауіпсіздіктің тиімді системасын құру барлық европалық елдердің, сонымен қатар Чехословакияның да бейбітшілігін қамтамасыз етіп, хауіпсіздігін нығайтқандық болар еді деп

Германия, деп мәлімдеді ол, өзінің көршілеріне енді ешуақытта да қатер төндірмеуге тиіс. Барлық басқа халықтармен достық жолдарын тауып, біртұтас және тәуелсіз Германия бейбітшіл мемлекеттердің семьясында өзіне лайықты орын алуға тиіс. Герман халқы өзі үшін және барлық халықтар үшін бейбітшілік болуын тілейді. Бірақ герман ұлтының өмірлік маңызы бар мәселелерін бейбітшілікпен шешуге Париж келісімдері кедергі болып отыр. Париж келісімдерін бекіту және жүзеге асыру Германияны бейбітшілікпен қайта қосу жолын бөгеп тастаған болар еді.

Гротеволь Батыс Германияны ремилитарландыру және оны сыңаржақ соғыс блоктерін құруға қатыстыру оны соғыс жолына әкеліп соғу деп мәлімдеді. Ол Батыс Германияда гитлершіл генералдардың басқаруымен миллиондық адамы бар империалистік армия құрыла бастағанын көрсететін фактілер келтірді.

өзара жақындастыру үшін барлық күштің жұмсалуын талап етеді. Герман Демократиялық Республикасы мен батысгерманиялық федералдық республиканың өкілдері арасында бірлескен кенестер өткізілмейінше және өзара түсінісушілік болмайынша, Германияны қайта қосу мүмкін емес. Гротеволь былай деп көрсетті: ГДР үкметі Батыс Германиямен келіссөздер жүргізу үшін алдын ала еңкандай шарттар қойып отырған жоқ. Біртұтас демократиялық Герман Республикасын құруды әзірлеген кезде ол Веймар конституциясын еске алуға және Веймар республикасының жақсы тәжрибесін пайдалануы, сонымен қатар соғыстан кейінгі жылдарда Германияның шығысы мен батысында орнатылған мемлекеттік құрылыс тұсында қол жеткен тәжрибені де пайдалануға әзір отыр.

Шығыс Германиядағы, сондай-ақ Батыс Германиядағы [illegible]

листік жарыс туын жоғары ұстау, еңбек тәртібін нығайту мақсатына бағытталған.

Селодағы партиялық-саяси жұмыс өзінің тиісті нәтижесін беріп отыр. Колхоз астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, мемлекетке 30 мың пұттай астық сатты. Тың игеру, пар мен зябь жырту жоспарлары толық орындалды. Қоғамдық мал мен колхозшылардың жеке малы жемшөппен толық қамтамасыз етілді

Облыста партиялық-ұйымдастыру және партиялық саяси жұмысты колхоз өндірісінің алдында тұрған өскелең міндеттердің дәрежесіне сай ұйымдастырып отырған мұндай партия ұйымдары аз емес.

Алайда партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстарында аудандық партия конференциясында айтылғандай, көп жерлерде бастауыш партия ұйымдарының колхоздардағы істің жайына ықпалы мүлдем жеткіліксіз, олар еңбек тәртібін нығайту, озаттардың тәжрибелерін насихаттау жұмыстарындағы кемшіліктерге төзіп келеді. Мұның себебі партия ұйымдарында еңалдымен партиялық ішкі жұмыстың және колхозшы шаруалар арасындағы саяси үгіттің дәрежесі төмен болуында.

Мәселен, Булаев ауданындағы Ленин атындағы колхозда 16 коммунистің бірде-бірі өндірістің шешуші участогінде тұрақты жұмыс істемейді. Мұнда 9 коммунист колхоз басқармасының әкімшілік аппаратында, қойма меңгерушілері, фермалар мен бригадаларда есеп жүргізуші сияқты екінші дәрежелі қызмет атқарады, екі коммунист мұғалім. Бұлардың ішінде екі адам ғана үгітші болып істейді, басқалары ешқандай партиялық тапсырма атқармайды. Үгітші коммунистер Әмзин, оқытушы Жұматаев жолдастар колхозшылар арасында сирек болады. Рас, мұнда партия жыйналысы жиі өтеді, белсенділер қызу сөз сөйлейді, құлашқұлаш қаулылар алынады. Бірақ, не пайда, қабылданған қаулыны жүзеге асыру жөнінде ұйымдастыру, бұқаралық-саяси жұмыс тіпті жүргізілмейді.

Бұл жағдайды аудандық партия комитеті, оның МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылары жақсы біледі, колхоз партия ұйымының жұмысы нашар болуына іштей қынжылады. Бірақ нұсқаушы Салин, аудандық комитеттің секретары Шалимов жолдастар артта қалған колхоз партия ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде практикалық көмек көрсете алмай жүр.

[illegible] партия ұйымдарының жұмысы қанағаттанғысыз болуына аудандық партия комитеттері мен олардың МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушылар топтары тікелей кінәлі екенін айта кетуіміз керек. Бұлай дейтін себебіміз, бірқатар аудандарда, әсресе Приешім, Соколов, Совет аудандық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарының секретарьларының құрамын қолынан іс келетін партия қызметкерлері есебінен толықтыру жөнінде мардымды ештеңе істей алмай келеді. Осы сыяқты, озат колхозшыларды партия қатарына қабылдау, сөйтіп партия ұйымдарының құрамын толықтыру ісінің жайы да мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Мұның үстіне аудандық партия комитеттерінің бірқатар нұсқаушылар тобы өздерінің күнделікті жұмысында тек шаруашылық мәселелермен ғана айналысып, партия ұйымдарының ролін арттыру ісіне жете назар аудармайды. Соколов аудандық партия конференциясында айтылғандай, аудандық партия комитетінің бірінші секретары Брикунов жолдастың және аймақтағы нұсқаушылардың колхоздарда болғанда бүкіл жұмысты тек колхоз председателімен бітіріп, партия ұйымдарының секретарьларына саяси және шаруашылық жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде нұсқау, кеңес бермеулеріне тіпті де төзуге болмайды.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь. февраль-март Пленумдары колхоз бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсартуды, селодағы партиялық-саяси жұмыстың дәрежесін арттыруды аудандық партия комитеттерінің, МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушылар топтарының кезек күттірмейтін міндеті етіп қойды. Олай болса, аудандық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарының жұмысы партия қойған міндеттердің дәрежесінде болуына жетісулері керек. Бұл үшін бастауыш партия ұйымдарының секретарьларын жұмыста тәжрибелері мол коммунистер есебінен толықтыру, озат колхозшыларды партия қатарына қабылдау, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлығына нұсқау-кеңес беру мақсатына бағытталған шараларды батыл жүзеге асыру қажет.

Коммунистік партияның колхоз деревнясындағы негізі — бастауыш партия ұйымдарының белсенділігін арттырып, колхозшы шаруаларды ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендету жолындағы күресте еселенген жігермен еңбек етулеріне жетісе берейік!

Онбір айлық жоспар мерзімінен бұрын орындалды

ЛЕНИНОГОР. (ҚазТАГ). Сокольный рудникінің коллективі бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыста зор табысқа жетті. Ол онбір айлық тапсырманы мерзімінен бұрын орындады.

Бірсыпыра техникалық жаңалықтардың енгізілгені еңбек өнімділігін арттыруда зор роль атқарды. Кәзір кеншілер ашылмалы қабықтың көмегімен бұрғылау жұмыстарын жүзеге асыруда. Оның өзі оңдаған тонна бұрғылау болатын үнемдеуге 50-ден аса адамды бұрынғы бұрғы тасу қызметінен өндірістің басқа участоктеріне ауыстыруға мүмкіндік берді. Участокте аспаптар мен запас бөлшектер сақтайтын қойма жасалған. Мұның нәтижесінде бұрғылаушылардың пайдалы жұмыс уақыты артты. Руда шығарудың өзіндік құны жоспардағымен салыстырғанда 3,6 процент кемітілді. Екі миллион сомнан аса қаржы үнемделді.

Рудниктің коллективі жылдық программаны 1954 жылдың 13 декабріне дейін орындау үшін күресуде.

[illegible] қыру, жайындағы Совет Үкметінің ұсынысын сөзсіз қолдап отыр.

Батыс Германияны ремилитарландырудың және оны агрессиялық блоктерге қатыстырудың ұйымдастырушылары болып табылатын Батыс державаларының саясаты туралы айта келіп, В. Широкий былай деп атап көрсетті: бұл державалар Жалпыевропалық Кеңеске қатысқысы келетінін білдірмегені былай тұрсын, тіпті бұдан да әрі барып, Кеңесті шақыруға кедергі келтіру үшін басқа мемлекеттерге тікелей және ашықтан-ашық қысым жасады. Олар бұл әрекетімен өздерінің Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздіктің жаулары екендігін толық әшкереледі және «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» апатты саясатын онан әрі жүргізе беруді көздеп отырғанын дәлелдеп берді, ал Париж келісімдерінің нақ өздері де осы саясаттың айқын бейнесі болып табылады. Бұл келісімдер, деді В. Широкий, европалық хауіпсіздіктің ең маңызды мәселесін—герман мәселесін шешу мүмкіндігін нашарлатады.

В. Широкий Чехословак Республикасының, Германиямен тікелей көршілес ел болғандықтан, Германия туралы мәселені халықтар арасындағы бейбітшілік және достық қатынастар рухында шешуге ерекше мүдделі болып отырғанын, өйткені Чехословакияның халықтары өзінің оқиғаларға бай тарихының өн бойында Чехословакияның әрқашан да қас жауы болып келген герман милитаризмінің агрессиясына сан рет душар болғанын атап көрсетті. Ол герман нацистері мен милитаристерінің дүние жүзіне үстемдік орнату жолындағы әрекеттерінде Чехословакияның алғашқы құрбандықтарының біріне ұшыратылғанын еске салды. Батыстың реакцияшыл топтары Чехословакияның бостандығы мен тәуелсіздігін құрбан еткен Мюнхендегі қайғылы трагедия агрессормен ымырашылдық жасау саясатының қайда бастайтынын, герман милитаризмімен келісушіліктің қандай зардаптарға әкеліп соқтыратынын бүкіл дүние жүзіне ескертіп, алдағы уақытта сақтанылғандық болды.

В. Широкий былай деп көрсетті: чехословак халқы өз елінің герман милитаризмі агрессиясының құрбандығына қайтадан ұшыратылуына ешуақытта да жол бермеуге берік ұйғарып отыр. Осы шешіммен жігерленген чехословак халқы ұлы державалардың Потсдам келісімдерін толығымен жақтайтынын айтты, ал дүниежүзілік екінші соғыс бойында антифашистік қуатты коалиция болған бұл державалар осы келісімдерде өздерінің соғыстан кейінгі кездегі Германия жайындағы саясатының мақсаттарын білдірген болатын. Герман мәселесінің Потсдам келісімдерінің рухында шешілуіне ат салысу үшін Чехословакия 1945 жылдан бері орасан көп күш жұмсап келді.

Бірақ, деді В. Широкий бұдан кейін, Германияның осы уақытқа дейін бөлшектеліп отырғанына айыпты және Батыс Германияда герман империализмін, нацизмін және милитаризмін қайта тудыру жолына түскен батыс державалары, еңалдымен АҚШ, Потсдамда өздеріне алған міндеттемелерінен айнып, опасыздық жасап отыр. В. Широкий муны Париж келісімдерінің дәлелдеп отырғанын көрсетті. Батыс [illegible] деп атап көрсетті. Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру идеясының барлық европалық халықтарға ардақты және ең жақын идеяның жүзеге асырылатын болуы үшін батыс мемлекеттерінің Батыс Германияны ремилитарландыру жөніндегі апатты саясатын және Париж келісімдері саясатын үзілді-кесілді жоюлары өте қажет.

Чехословакияның Совет Одағы мен және халықтық демократия елдерімен одақтастық договорлар жасасқанын, бұл договорлардың герман милитаризмі тарапынан жасалатын шабуылдың қандайына болса да қарсы немесе Европада агрессиялық әрекеттер жүргізу үшін онымен одақ жасасатындардың әрқайсысына қарсы өзара жан-жақты көмектесуді қамтамасыз ететінін еске салып, В. Широкий былай деді:

Чехословак Республикасының үкметі мынадай пікір ұстап отыр: герман милитаризмінің —«Дранг нах остен», («нығысқа жорық») дейтін ескі саясатын қайта бастау әрекетіне тікелей әкеліп соқтыратын Париж келісімдерін бекіту осы Кеңеске қатысушы мемлекеттердің өз хауіпсіздігін күшейту және қамтамасыз ету үшін ортақ шаралар қолдануын сөзсіз талап еткен болар еді. Париж келісімдерін бекіту кейбір батыс мемлекеттерінің агрессияшыл соғыс күштерін құрғандығы болар еді, соның өзінде бұл күштердің ұйытқысы батысгерманиялық вермахт болған болар еді, сөйтіп бұл соғыс күштері еңалдымен демократиялық лагерьдегі елдерге қарсы бағытталған болар еді, міне, сондықтан да Чехословак Республикасының үкметі мұндай жағдайда Кеңеске қатысушы елдердің қарулы күштерін күшейту және бір ізге салу жөніндегі, олардың біртұтас командованиесін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды бұл елдердің арасында келісіп алуды қажет деп санайды.

Чехословак үкметі, деді В. Широкий бұдан кейін, сонымен қатар мынадай пікір ұстап отыр: Батыс Германияда милитаризмді қайта тудыру және агрессияшыл батысгерманиялық армия құру, еңалдымен, Чехословакияның, Поляк Халық Республикасының және Герман Демократиялық Республикасының шекараларына тікелей қатер төндірген болар еді. Сондықтан Чехословак үкметі, Париж келісімдері бекітілген күнде, әсресе осы мемлекеттер үкметтерінің, бұл хауіпке қарсы күресте ортақ мүдделерге сүйене отырып, өз шекараларының хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиімді ортақ шаралар қолдануы қажет деп санайды.

В. Широкий сөзінің қорытындысында Чехословак делегациясының атынан кәзіргі Кеңес, чехословак халқының және Европа мен бүкіл дүние жүзінің барлық бейбітшіл халықтарының муны одан күтіп отырғанындай, өзінің борышын орындап шығады деген сенім білдірді.

Бұдан кейін Герман Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы, ГДР премьер-министрі Отто Гротеволь сөз сөйледі.

Ол өзінің мәлімдемесінде былай деп көрсетті: Париж келісімдері және бұл келісімдерді асығыс бекіттіру әрекеттері хауіпті жаңа жағдай тудырды, міне, бұл жағдай бейбітшілікті сақтауға және герман мәселесін шешуге бағытталған жедел қарарлар қабылдауды талап етеді.

Кейбір батысевропалық топтардың: неміс милитаризмін қайта тудыру кәзіргі уақытта «оншама хауіпті емес», өйткені ол американ жоғарғы командованиесінің басқаруында отыр-мыс деген сылтауларына тоқтай келіп, Гротеволь былай деді. Герман милитаризмінің тарихы көрсетіп отырғанындай, оны «бақылау» немесе «тежеу» әрекеттерінің бәрі де күйретіліп келді және бұдан былай да күйретілетін болады.

Гротеволь болашақтағы вермахт қорғаныс ісіне қызмет етеді-мыс дейтін бұл милитаристері сылтауларының жалған екендігін атап көрсетті. Бонн мемлекетінің саясаты, деді ол «күш жұмсау саясатымен», американ және герман милитаристерінің агрессияшыл милитаристік мақсаттарымен ашықтан -ашық белгіленіп отыр. Бірақ, деп мәлімдеді ГДР делегациясының басшысы, «күш жұмсау саясаты» әуел бастан-ақ сөзсіз күйрейтін саясат болып табылады, өйткені ол неміс халқының ұлттық мүдделеріне қарсы, басқа халықтардың хауіпсіздігіне қарсы бағытталып отыр және өзі оларға қатер төндіретін барлық халықтардың қарсылығын тудырып отыр. Германияда, бүкіл дүние жүзіндегі сияқты, күштердің арасалмағы бейбітшіл күштердің пайдасына қарай өзгеріп келеді. Герман Демократиялық Республикасының делегациясы былай деп санайды: неміс халқының бейбітшіл және демократияшыл күштерінің өкілі болып табылатын Герман Демократиялық Республикасының Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық елдердің Кеңесіне қатысып отырған фактісінің өзі тарихтың енді қайталанбайтындығының айғағы болып табылады.

Гротеволь Париж келісімдеріне талдау жасап, Аденауэр үкметі мен оның астыртын әмерикан басшыларының Париж келісімдері Батыс Германияны оккупациялауды тоқтатқандық және оның суверенитетін өзіне қайтарып бергендік болып табылады-мыс дейтін сылтауларының жалған екенін көрсетті. Париж келісімдері Батыс Германияға бостандық та, суверенитет те бермейді. Бұл келісімдер Германияны бөлшектеуді мәңгі қалпында сақтауға, немістердің өзара түсінісушілігіне кедергілер тудыруға қызмет етеді және неміс монополистері мен американ монополистерінің ремилитарландыру жоспарларын жүзеге асыруларына кепілдік беруге тиіс болады.

Париж келісімдерінің, деп мәлімдеді Гротеволь, заңды күші жоқ, өйткені бұл келісімдер неміс халқы көпшілігінің еркіне қарамастан жасалған және онын ұлттық мүдделеріне қарсы бағытталған. Неміс халқы бұл келісімдерді еш уақытта да танымайды және бұл келісімдердің жүзеге асырылуына жол бермеу үшін қолынан келген шаралардың бәрін істейді. Герман Демократиялық Республикасының үкметі былай деп санайды: герман мәселесі бейбітшілік, демократиялық жолмен шешілуге тиіс, сөйтіп герман ұлтының өзінің творчестволық күштерін еркін өрістетуіне және Европаның нақ ортасындағы осы абыржушылық тудыратын ошақты үзілді-кесілді құртуына мүмкіндік берілуге тиіс.

Германияны қайта қосу, деді Гротеволь бұдан кейін, Германияның екі бөлегінің саны, орналастырылуы және қаружарағы туралы келісім жасасу жөнінде ГДР үкметінің сан рет жасаған ұсыныстары бойынша қай уақытта болса да келіссөздер жүргізуге оның әзір отырғанына назар аудара келіп, Гротеволь Герман Демократиялық Республикасы қайта қаруланын жатыр-мыс деген АҚШ үкметінің 29 ноябрьдегі нотасында айтқан сылтауының өтірік екенін көрсетті. Бұл—жала, деді Гротеволь, бұл жаланы қайталап айта бергенмен ол шындыққа айналмайды. Бұл әдіс те бір кезде Гитлер өзінің қаруланып, соғысқа әзірленіп жатқанын дәлелдеуге тырысып қолданған әдісі болып табылады.

Герман Демократиялық Республикасының үкметі, деді Гротеволь, осы Кеңесте былай деп мәлімдеуді қажет деп санайды: егер Батыс Германияда милитаризм қалпына келтірілін, тұрақты армия құрылатын болса, онда Герман Демократиялық Республикасы, бұған жауап ретінде, Герман Демократиялық Республикасы еңбекшілерінің бейбіт табыстарын қорғай алатын ұлттық қарулы күштер құруға мәжбүр болады.

Герман Демократиялық Республикасының делегациясы, деді Гротеволь бұдан кейін, осында қатысып отырған мемлекеттер, Париж келісімдері бекітіліп, жүзеге асырылатын күнде, өз халықтарының бейбіт еңбегін, өздерінің мемлекеттік территорияларының қол сұғылмайтын тұтастығын қорғау үшін, агрессияның кандайына болса да тойтарыс беру және Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін бірлескен шаралар қолдануға тиіс деген ССРО, Поляк Халық Республикасы және Чехословак Республикасы үкметтерінің осында баяндап берген пікірлеріне қосылады. Біз сонымен қатар, Париж договорлары бекітілген күнде, өздеріне ерекше қатер төнетін Чехословак Республикасы, Поляк Халық Республикасы және Герман Демократиялық Республикасы бірлескен шаралар туралы өзара келісетін болсын деген Чехословак Республикасы делегациясының ұсынысына да қосыламыз.

ГДР Халық палатасы, үкметі және неміс халқының көпшілігі, деп мәлімдеді Гротеволь бұдан кейін, барлық европалық мемлекеттердің коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы Совет үкметінің ұсынысын қуттықтайды. Ол коллективтік хауіпсіздіктің мұндай системасы сонымен бірге Германияны бейбітшілікпен қайта қосуға көмектескен болар еді деген сенім білдірді.

ГДР делегациясының басшысы былай деп атап көрсетті: Герман Демократиялық Республикасы осы Кеңеске қатысып отырған мемлекеттермен достық қатынастар жасап, бұл қатынастарды дамытуға ұмтылып отыр. Әсресе Совет Одағы мен достық бүкіл неміс халқының ең жақын ұлттық мүддесі болып табылады.

О. Гротеволь өзінің мәлімдемесін Кеңестің қарарлары неміс халқының елді бейбітшілік, демократиялық жолмен қайта қосуды жүзеге асыруына және өзінің бейбіт болашағын қамтамасыз етуіне көмектеседі деген берік сенім білдірумен аяқтады.

Гротеволь өзінің мәлімдемесін аяқтағаннан кейін мәжліс жабылды.

Келесі мәжліс 1 декабрьге тағайындалды.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Бастауыш партия ұйымдары секретарьларын тәрбиелеу

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль- март Пленумдары социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, астық өндірісін ұлғайта беру үшін тың және тыңайған жерлерді игеру міндетін алға қоя отырып, селода партиялық-саяси жұмыстың жайын жақсартуды талап етті. Бұл міндеттердің неғұрлым тез жүзеге асырылуы бастауыш партия ұйымдарының шешуші участокже бар күш пен жұмысшылықты жұмылдыра білуіне, шаруашылыққа дұрыс басшылық етулеріне тығыз байланысты.

Бастауыш партия ұйымдары жұмысының жемісті болуы олардың секретарьларының жұмыста инициатива көрсетуін, колхозшылар бұқарасының ұйымдастырушы болуын, коммунистердің, бүкіл кадрлардың белсенділігін арттырып, олардың үлгі көрсетуіне жетісуін қажет етеді. Міне, сондықтан да аудандық партия комитетінің Совет МТС-і аймағындағы нұсқаушылар тобының қызметкерлері өзінің күнбе-күнгі жұмысында бастауыш партия ұйымдары секретарьларын тәрбиелеу, олардың құрамын жақсарта беру ісіне ерекше көңіл аударып келеді.

МТС аймағындағы нұсқаушылар тобының қызметкерлері партия ұйымдарының жұмысымен танысып, ұйым секретарьларының іскерлік қабілетін байқағаннан кейін, кейбір секретарьлардың іскерлігі төмен, бұқараны ұйымдастырушылық дәрежесі кем екендігін анықтады. Демек, бастауыш ұйымдардың есеп беру- сайлау жиналыстарында оларды іске шынды адамдармен ауыстыру мәселесін қолға алдық. Өрине, партия мүшелері де кейбір секретарьлардың істе өзін көрсете алмағандығын жиналыстарда айтып берді. Қорыта айтқанда, МТС аймағындағы колхоздардағы 3 партия ұйымының секретарьлары есеп беру- сайлау жиналыстарында қайтадан сайланды.

«Совет» колхозының бастауыш партия ұйымының секретары болып Б. Ыбраев жолдас сайланды. Ол өзін жұмыста көрсете білді. Ұйымның есебінде 15 коммунист бар, олардың басым көпшілігі колхоз өндірісінің жауапты участоктерінде жұмыс істейді. Партия ұйымының ішкі жұмысы жолға қойылған, жиналыс уақытымен сын және өзара сын жағдайында өтіп тұрады, онда колхоз өндірісінің маңызды мәселелері, коммунистерге берілген тапсырмалардың орындалуы туралы мәселелер қаралып, жұмысты жақсарту жөнінде тиісті шаралар белгіленеді. Бұл шаралардың орындалуы кейінмен тексеріледі. Үгіт коллективіндегі 12 коммунист пен комсомолец колхозшылар арасында жиі болып, саяси үгітті алда тұрған шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізіп отырады.

Партия ұйымы жұмысының жақсаруына ісі колхозды қамтыйтын аудандық үгітшілер семинарларында бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде баяндама жасайды.

Аудандық партия комитеті партия ұйымының секретарьларының кеңестері мен семинарларын жиі өткізеді. Былыс олармен 4 рет семинар өткізілді. Семинарларда тиісті тақырыптар бойынша лекциялар оқылып, баяндамалар жасалады. Партия ұйымдары секретарьлары партиямыз бен үкметімізді аса маңызды қаулыларымен, елімізді ішкі және халықаралық жағдайларымен, аудан партия ұйымы алдында тұрған міндеттермен таныстырылады.

Сонымен қатар семинарларда партия ұйымдарының секретарьлары өздерінің жұмыстары жөнінде тәжрибе ауысып, пікір алысты. Семинарларда мына мәселелер: «Партия ұйымының колхоз басқармасының жұмысын бақылауы», «Партия жиналысын әзірлеу және өткізу», «Қабылданған қаулылардың орындалуын бақылау» жөнінде әңгіме болды.

Аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарының секретарьларымен бұл сияқты семинарлар өткізумен бірге, олармен күн сайын байланыс жасап отыруды, олардың күнделікті жұмысына жергілікті жерлерде көмектесуді өзінің әдетіне айналдырып келеді. Аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы нұсқаушылар тобының қызметкерлері көбінесе колхоз орталықтарында, өндіріс бригадаларында, мал фермаларында жиі-жиі болып, лекциялар оқыйды, баяндамалар жасайды. Өткен жылдың он айы ішінде механизаторлар мен колхозшы шаруалар үшін 156 рет лекция оқылып, 45 рет саяси баяндама жасалды.

Сонымен қатар топ қызметкерлері партия жиналыстарына қатысып, онда каралатын мәселелердің дұрыс шешілуіне жетісіп келеді. Мәселен, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Уәлиева жолдас егін ору, мемлекетке астық тапсыру барысы туралы мәселе қараған «Аралағаш» колхозы партия ұйымының жиналысына қатысты. Ол колхоз председателінің бұрынғы орынбасары Нәсілов жолдас өзіне тапсырылған жұмысқа немқұрайлы қарап, бұқарадан қол үзгенін анықтады. Нәсілов бригадаларда көпшілік тамағын ұйымдастырмады. Мұның өзі механизаторлар мен егіншілердің еңбек өнімділігін арттыруларына керісінше әсер етті. Жиналыста Уәлиева жолдас, мұндай фактілер механизаторлар мен колхозшылардың белсенділігін төмендететінін айтып, Нәсілов жолдасқа қатаң шара қолдануды ұсынды. Коммунистер нұсқаушының ұсынысын толық қуаттады. Партия жиналысы Нәсілов жолдасқа қатаң шара қолданды, оны қызметінен босатты. Бұдан кейін жиналыста адамдарға қамқорлық жасау жөнінде шаралар белгіленді.

Нұсқаушы Уәлиева жолдастың мәселесін шешу жөнінде бағалы ұсыныстар жасап, оны іс жүзіне асыруда ұйымдастырушылық роль атқарса, мұның өзі партия ұйымдары секретарьларының іскерлік шеберлігінің, жауапкершілігінің күшеюіне үлгі болады.

Кейбір бастауыш партия ұйымдары колхоздың басшы кадрларына талапты әлсіретіп, өндірістің шешуші участоктерін қабілетсіз адамдардың басқаруына жол берді. Мысалы, Молотов атындағы колхоздың егіс бригадаларының бұрынғы бригадирлері Бейсенов, Уәлиев жолдастар өздеріне тапсырылған жұмысты орындамады, колхозшылар алдында олардың беделі болмады. Аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Аджігітова жолдас партия ұйымының осы кемшілігін коммунистер жиналысында талқылау жөнінде партия ұйымының секретарына кеңес берді. Бұл мәселе партия жиналысында талқыланылып, тиісті шаралар қолданылды. Бейсенов, Уәлиев жолдастар қызметінен босатылып, олардың орнына колхозшылардың алдында беделі бар, колхоз өндірісін ұйымдастыруда тәжрибесі мол Садуақасов және басқа да жолдастар тағайындалды. Бұдан топ қызметкерлерінің партия ұйымы секретарьларына кадрларды іріктеу және тәрбиелеу жөнінде тиісті көмек көрсеткенін көруге болады.

Аудандық партия комитетінің секретарьлары нұсқаушылардың іскерлік қабілетін арттыру мәселеріне үнемі көңіл бөліп, олармен үнемі әңгімелесіп, ауылселодағы партиялық- саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде нұсқау береді. Совет МТС-і аймағындағы топ қызметкерлерімен соңғы айларда 3 рет әңгіме өткізілді. Онда нұсқаушылар өз жұмыстары жөнінде айтып, партия ұйымдарының жұмысын жақсарту жөнінде нұсқау алды.

Сонымен бірге аудандық партия комитеті өзінің бюро мәжілісінде бастауыш партия ұйымдарының есебін тыңдап отырады. Мұның өзі қабылданған қаулылардың орындалуын бақылауға, ұйым секретарьларының жауапкершілігі мен инициативасының артуына көмектесуде. Біздің бұл және басқа да шараларымыз партия ұйымдарының белсенділіктерін біраз арттырды.

Алайда партия ұйымдары секретарьларын тәрбиелеуде елеулі кемшіліктердің де бар екенін бүркемелеуге болмайды. Аудандық партия комитеті, оның нұсқаушылар тобының қызметкерлері колхоздарда болғанда көп реттерде тек шаруашылық мәселелермен ғана шұғылданып, партия ұйымының жұмысына жете көңіл бөлмейтін кездері де болады. Топ қызметкерлері өзінің жұмысындағы мұндай біржақтылықты жоюды басты міндет деп санайды.

Аудандық партия комитетінің МТС ай-

Облыс МТС-тері мен совхоздарында трактор және комбайн жөндеудің төртінші тоқсандық жоспарының орындалуы туралы

1 ДЕКАБРЬДЕГІ МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценті)

МТС-тер бойынша	Трактор жөндеу	Комбайн жөндеу
Интернационал	70,5	85,7
Баян	62,7	66,7
Ленин	61,9	38,4
Преснов	50,8	6,6
Налобин	50,0	—
Калинин	50,0	—
Булаев	47,0	83,3
Сартомар	46,8	—
Николаевка	45,4	9,0
Совет	44,4	71,4
Тимирязев	43,4	55,5
Суворов	42,8	14,2
Коновалов	36,6	35,7
Пушкин	33,3	36,3
Куйбышев	32,0	—
Майбалық	31,2	12,5
Чапаев	27,9	43,7
Ильич	25,0	14,2
Вильямс	23,7	21,4
Образцовая	21,9	—
Полудень	21,8	30,8
Ворошилов	21,0	—
Торанғыл	19,5	75,0
Петропавл	19,3	33,3
Чистяк	17,9	—
Ново-Георгиев	17,9	—
Асанов	13,0	—
Шаглы	12,5	10,0
Соколов	12,2	—
Приишім	10,2	10,0
Семиполка	7,7	11,1

Совхоздар бойынша	Трактор жөндеу	Комбайн жөндеу
Жамбыл	97,4	—
Тимирязев	94,3	—
Хрущев	91,0	—
Степной	85,0	—
Булаев	84,0	67,0
Интернационал	78,2	—
Москворецк	74,3	—
Маленков	72,3	—
Дзержинский	71,5	50,0
Ишим	65,0	—
Петропавл	60,0	—
Приишім	51,3	128,0
Докучаев	50,0	100,0
Мамлют	50,0	100,0
Жданов	41,2	—
Преснов	44,5	75,0
Киров	41,0	20,0
Украин	41,0	—
Ұзынкөл	40,0	170,0
Возвышен	39,2	116,7
Октябрь	39,0	140,0
Буденный	38,1	45,0
Совет	34,3	129,0
Яленка	33,4	—

Бесжылдықты мерзімінен бұрын орындайық



Шағын двигательдер заводының токарі Рушиля Мүзафарова әр смена сайын біржарым- екі нормадан орындай ды. Москвалықтардың шақыруына жауап ретінде ол еңбек өнімділігін бұдан да жоғарылатуға міндеттеме алды.

СУРЕТТЕ: Рушиля **Мүзафарова.**

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Тігіншілердің сөзі мен ісі

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдары елімізде халық шаруашылығын шұғыл өркендетудің негізгі программасын жасады. Онымен бірге, өнеркәсіп орындарының алдына совет еңбекшілерінің күнбе-күнгі есіп отыратын мәдени-тұрмыс дәрежесін барынша қанағаттандырып отырудың міндетін қойып, халық тұтынатын көпшілік қолды товарлардың мейлінше көп және сапалы өндірілуін талап етті.

Коммунистік партия мен үкметіміздің осындай зор міндеттерін аброймен орындап шығу жолындағы социалистік жарысқа бүкіл еліміздің еңбекшілеріндей, біздің қаладағы «Ә-май» кәсіпшілік артелінің барлық мүшелері бір кісідей қосылды. Олар халық тұтынатын товарларды мейлінше көп және сапалы шығаруда үстіміздегі жылы едәуір жақсы нәтижелерге жетті.

Артельдің ең ірі цехтарының бірі— жаппай киім тігетін цех. Бұл цех кәзір де толық механикаландырылды. Мұның өзі өнімді тез және сапалы өндіруге зор әсерін тигізді. Жыл бойында артель коллективі еңбекшілер заказдарын мерзімінде және мінсіз орындау, өнімді жоғары сапада өндіріп, өзіндік құнын кеміте беру жолындағы жарысты кең өрістетті. Артельдің барлық цехтары, жекелеген мастерлері мен киім пішушілері алған міндетті. Бұл цех әйелдерге сырт киімдер тігуде айлық өндірістік жоспарды үнемі 100—150 процентке асыра орындап жүр.

Артельдің механика күшімен жұмыс істейтін жаппай тігін цехы (бастығы А. Склярова жолдас) өнімді көп және сапалы шығарып, осы жылдың өткен 10 айында артель бойынша алда келеді. Цех бұл мерзімде 1 миллион 5 мың 900 сомның өнімін шығарудың орнына 1 миллион 780 мың сомның жоғары сапалы өнімін берді. Озат тігіншілер дарья Заболотнова, Поля Никулина, тағы басқа да еңбек озаттары сменалық тапсырманы 150—170 процентке орындайды. Әйелдер үшін түрлі жаңа модылы киім-кешек тігуде Е. Сергеева жолдас үздік алда келеді. Ол 1926 жылдан бері тігіншілік қызметінде еңбек етіп, өзінің асқан шеберлігімен коллектив құрметіне болеиді.

Біз артель тігіншілерінің техникалық білімдерін көтере беруге де ерекше назар аударып отырмыз. Үстіміздегі жылдың өткен 9 айында жаңадан 10 тігінші үйретіп шығаруды жоспарлаған едік. Бұл уақытта 13 тігіншіні үйретіп шығардық. Сондай-ақ, кәзірде техникалық минимум тапсыру үшін 18 тігінші жұмыстан қол үзбей оқып жүр.

Партиямыз бен үкметімізге алға қойған талаптарға сай жұмыс істеп, мемлекеттік [illegible] мерзімінде орында-

нұсқаушысы Акжігітова жолдас белгілі үлес қосты. Ол бұл колхозда жиі болып, ұйым секретары Б. Ыбраев жолдасқа жұмысты ұйымастыру жөнінде практикалық көмек көрсетіп келеді. Нұсқаушы Акжігітова жолдас партия ұйымында болғанда Ыбраев жолдасқа партия жыйналысын өзірлеу және оны өткізудің, колхоз басқармасының жұмысына партиялық бақылау жасаудың түрлі әдістерін айтып, селоны сонымен бірге ұйым секретарының, колхоз басшы кадрларын және коммунистерді принципшілдікке, кемшіліктерге төзбеушілік рухында тәрбиелеуге көмектесетіні сөзсіз.

Бұдан біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: егерде аудандық партия комитетінің қызметкерлері, нұсқаушылар партия жыйналыстарына жиі қатысып отырса, колхоз өмірінің түбірлі мәселелерінде нұсқаушылар тобы басшылық партия ұйымы секретарларын тәрбиелеу жұмысын жақсартуды қамтамасыз ете отырып, бастауыш партия ұйымдарының колхоз өндірісіндегі ықпалын арттыра береді.

М. СӘДУОВ,
Совет аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары.

Техникум комсомол ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы

Жуырда Ленин ауданындағы ауылшаруашылық техникумының бастауыш комсомол ұйымының жылдық есеп беру-сайлау жыйналысы болып өтті. Баяндаманы комсомол комитетінің секретары Бойко жолдас жасады. Техникумдағы комсомол ұйымында 245 адам бар. Бұлар партия ұйымының, оқытушылар коллективінің көмегімен өздерінің саяси және ауылшаруашылық білімдерін арттыра отырып, өткен жылғы оқу жылының басынан бері оқу саласында көптеген жетістіктерге жетті. Екінші, үшінші агрономия курсының студенттері жақсы үлгеріп, келесі курстарға көшті.

Олардың ішінде 12 комсомолец-студенттерді жақсы оқып, саналы, тәртіпті болғаны үшін техникум дирекциясы мақтау грамотасымен наградтады. Олардың ішінде комсомолецтер Т. Аксиньева, А. Бойко, Н. Галиенко жолдастарды атап өтуге болады. Техникумда көптеген әдеби және ауылшаруашылық тақырыптарға арналған үйірмелер жұмыс істейді. Сонымен қоса драма, ән-хор, духовой оркестр үйірмелері бар. Бұл үйірмелерге комсомолжастар көптеп қатынасады.

—Мұндай жетістіктермен қатар, —деді баяндамашы, —комсомол ұйымының жұмысында кемшіліктер де кездесті. Кейбір жеке студенттердің арасында тәлімтәрбие жұмысы жетіліксіз жүргізілді. Соның салдарынан техникум бойынша 16 студент оқуды нашар үлгерді.

Жарыссөзде сөйлеген студентка Шоль жолдас комсомол ұйымының жұмысындағы болған кемшіліктерді батыл сынға алды. Бірінші курс студенттері Попов, Захаров, Манохин жолдастардың сабақты нашар үлгеру себебі, олар ішкілікке салынды. Сабаққа сирек қатынасты. Ал комсомол ұйымы және оның комитет мүшелері бұл студенттермен жұмыс істемеді.

Бірқатар жолдастар өздерінің сөздерінде комсомол ұйымының тарапынан жеке комсомолцтерге комсомолдық тапсырмалар берілмегендігін, берілген тапсырмалардың орындалуын уақытында тексеріп отырмағандығын айтты. Ал студенттер Рудяшкин, Парфенов, Вилков жолдастар комсомол комитеті мүшелерінің жұмысты бірлесіп істемегендігіне тоқталды.

Жыйналыс соңында техникум директоры Гладков, аудандық комсомол комитетінің секретары Коваленко жолдастар сөз сөйледі. Жыйналыс комсомол комитетінің жұмысын қанағаттанғысыз деп тапты. Техникум комсомол комитетінің бюро құрамын жаңадан сайлады.

Ғ. ТЕМІРБОЛАТОВ.

Аудан партия оқуы жүйесінде

Партияның XIX съезінің қаулылары мен СОКП Орталық Комитетінің нұсқауларын орындай отырып, Преснов аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары партия оқуының сапасын, идеялық- саяси мазмұнын арттыру жөнінде едәуір жұмыстар істеді.

Партия оқуы жүйесіндегі өткен оқу жылы аудан коммунистері мен партиядағы жоқ активтерінің саяси білім алуға ынталы болып отырғанын көрсетті. Алайда ауданның көптеген бастауыш партия ұйымдары коммунистерді үйірмелер мен мектептерге жаппай қамтумен әуестенін, партия оқуындағы еріктілік принципін өрескел бұрмалауға жол берді. Мұндай фактілер Преснов совхозында (партия ұйымының секретары Ращупкин жолдас), Маленков атындағы колхозда (партия ұйымының секретары Хлебовский жолдас), Ворошилов атындағы колхозда (партия ұйымының секретары Попова жолдас) және басқа да бірқатар партия ұйымдарынан орын алды.

Былыйғы оқу жылында СОКП Орталық Комитетінің нұсқауларын жүзеге асыра отырып, аудандық партия комитеті өткен оқу жылында кездескен кемшіліктерді батыл жою жөнінде бірталай жұмыстар жүргізді. Коммунистерді партия оқуының түрлеріне орналастырарда еріктілік принципі басшылыққа алынды. Мұның нәтижесінде маркстік-ленинділік теорияны өздігінен үйренуге тілек білдірген коммунистердің саны едәуір артты. Оларға методикалық және теориялық көмек көрсету үшін ауданда 13 лекторий ұйымдастырылды. Бұларда білім даярлығы және тәжрибесі мол, лекторлық жұмысқа қабілетті 33 лектор кәзір партияның тарихы мен теориясы, саяси экономия, ауыл шаруашылығының экономикасы және басқа да циклдер бойынша лекциялар оқып жүр.

Коммунистердің тілегіне сәйкес Баян және Майбалық МТС-тері жанынан кешкі партия мектептері, аудан бойынша 15 үйірме және 9 саяси мектеп ұйымдастырылды. Бірқатар коммунистер жасы асқандығы, денсаулық жайының кемдігі және тағы басқа да себептермен партия оқуынан босатылды.

Преснов МТС-ніп, Приишім совхозының, Баян МТС-ніп, «Жизнь» колхозының партия ұйымдарында оқу жылының алғашқы күндерінен бастап коммунистердің оқуы дұрыс ұйымдастырылды. Бұл ұйымдарда саяси сабақтар кәзір де ойдағыдай өтуде. Теориялық даярлығы жеткіліксіз коммунистер үшін жалпыға түсінікті типтегі лекциялардың циклі де оқылуда.

Сонымен бірге, кейбір бастауыш партия ұйымдарының секретарлары, мәселен, Ращупкин (Преснов совхозы), Сембаев (Майбалық МТС-і), Хлебовский (Маленков атындағы колхоз) жолдастар, партия оқуы жүйесінде коммунистердің оқуға еріктілікпен болуы өздерін (секретарларды) насихат ісін ұйымдастырудан босатады деп ойлайды. Мұндай зыянды пікірге ұрынып, бұл жолдастар оқу жылының алғашқы күндерінен бастап-ақ партия оқуын бетімен жіберді. Олар партия оқуы жүйесіндегі еріктілік принципі коммунистерді партия оқуынан мүлде босатпайтынын, қайта СОКП Уставына сәйкес әрбір коммунист өзінің саналылығын арттыруға, марксизм-ленинизм негіздерін меңгере беруге міндетті екенін, сайын келгенде, әрбір коммунист өзінің уставтық міндетін қандай жолмен атқаруға еріктілікпен екенін естеріне шығарған. Ал мәселе былай қойылу керек: бастауыш партия ұйымдары секретарларының міндеті партия оқуынан тыс қалу емес, оған басшылықты тынбастан жүргізу болып табылады.

Коммунистердің саяси оқуының табысты болуы ең алдымен насихатшылар кадрына, олардың теориялық даярлығы мен шеберлігіне байланысты екені мәлім. Сондықтан аудандық партия комитеті насихатшылар кадрын іріктегенде осыны ескере отырып, насихатшылық жұмысқа даярлығы мол, қабілетті жолдастарды қамтыды. Олардың көпшілігі облыстық партия комитеті жанында арнаулы даярлықтан өтті. Сондай-ақ, оқу жылының барысында аудандық партия комитетінің кітапханасы жанында олардың тұрақты семинары жұмыс істейді.

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын да шұғыл өркендету жөнінде аудан еңбекшілері алдында тұрған зор және күрделі міндеттерді жүзеге асыру партия ұйымдарынан коммунистерді идеялық-саяси жағынан тәрбиелеу жұмысын жақсартуды, насихат жұмысын өмірмен тығыз байланыстыруды, коммунистерді және партияда жоқ активтерді идеологиялық жағынан қаруландыра беруді талап етеді.

Б. КӘРІМБАЕВ,
Преснов аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Торанғыл	31,3	30,9
Қыялы	30,0	—
Чистов	25,0	50,0
Шағалы	20,0	50,0
Токшын	20,0	150,0
Қарағанды	15,4	66,6
Қызыләскер	5,0	—

Қарды көп тоқтату үшін

«Баян» колхозында (Преснов ауданы) 1955 жылдың көктемінде егін егетін жердің төрттен үші тың және тыңайған жер есебінен дайындалды. Оған кезінде жазғы уақытта тиісті агротехникалық өңдеулер де жасалды. Бұл жерлерден алдағы жылы жоғары өнім алу үшін қысқы агротехникалық шаралардың ұқыптылықпен жүргізілуі шарт. Сондықтан да колхоз қысқы агротехникалық шаралардың негізгі түрі—қар тоқтату ісіне алдын-ала тыңғылықты дайындықтар жасауда.

Колхозда ықтырма егілген егістік алаң жоқ. Сол себепті қар тоқтату жұмысының көлемі биыл өткен жылдармен салыстырғанда әлде қайда артуға тиіс. Кәзір 9750 гектар қар тоқтататын алаң үш егіс бригадасына бөлінді. Әр бригадада бірбірден көлік қаржыртқышы бар. Тағы үш көлік қаржыртқышы жасалмақшы. Бұлардан басқа колхозда екі трактормен сүйрейтін қаржыртқыш дайын тұр.

Егістік жердің қары, қалыңдасымен колхоздың үш дала бригадасы өз участокте-ріне қар тоқтатуға жаппай кіріседі. Қар тоқтату жұмысы негізінен қаржыртқыштар арқылы және 500 гектар алаңға аққала соғу, шілік ұстау арқылы тоқтатылады.

Б. КОЙШЫБАЕВ,
Колхоз агрономы.

Тракторларды жөндеу қарқыны нашар

Жуырда Булаев аудандық партия комитеті Булаев МТС-інде ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмыстарының барысы жөнінде мәселе қарады. МТС жоспар бойынша тәртіпті токсанда 51 трактор, 12 комбайнды толық жөндеуден өткізуге тиіс еді. Бірақ күні бүгінге дейін жөндеуден өткізілген комбайндар мен тракторлар саны 10 — 15 -тен аспай отыр. Ал көктемде жер жұмыстауға аса қажетті дискелі лущильниктер, тісті тырмалар, плуттар сияқты құрал-саймандардың жөндеуден өткізілгені тіпті аз.

Оның үстіне жөндеуден өткізілді деген плуттардың, сеялкалардың, культиваторлардың, дискелі лущильниктердің және тісті тырмалардың сапасы өте нашар болды. Сондықтан да мемлекеттік қабылдау комиссиясы бұл жөнделген құрал-саймандарды жұмысқа жарамсыз деп тапты. Аудандық партия комитетінің бюросы МТС директоры Лепехин, бастауыш партия ұйымының секретары Килейников жолдастардан ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді жолға қоюларын, олардың сапасының жақсы болуын және жоспардың мүлтіксіз орындалуын талап етті.

деттемелерін аброймен орындап жалғасы жолында қажырлы еңбек етті. Әрбір айдың аяғында социалистік жарыстың қорытындысы шығарылып, ол артельдің өндіріс жыйналыстарында талқыланып отырылды. Жыйналыстарда еңбек өнімділігін есеппен арттырудың нақтылы шаралары белгіленіп, жүзеге асырылды. Еңбектегі өндіріс озаттарының іс тәжрибелері бұқара игілігіне айналдырылды. Міне, бұқара игілігіне айналдырылды.

Үстіміздегі жылдың он айлық өндірістік жоспарында артель 2 миллион 920 мың сомның өнімін шығаруды міндеттенген еді. Бұл мерзімде 3 миллион 248 мың сомның жоғары сапалы өнімі шығарылып, өндірістік тапсырма 112,5 процент болып орындалды. Еңбек өнімділігі өткен 1953 жылдың осы уақытымен салыстырғанда 9,5 процент артты. Ал өнімнің өзіндік құнын кемітуде де быйылғы жылы елеулі табыстарға қол жетті. 1953 жылдағы шығарылған өніммен салыстырғанда быйыл өнімнің өзіндік құны 4,2 процент кеміді.

Артельдің барлық тігіншілері мен киім пішушілерінің өз мамандықтарын жете меңгеру, жұмыста ұқыптылық, іскерлік көрсету нәтижесінде, шығарылған өнімде бірде-бір ақау жіберілген жоқ.9 айда жоспарланған бірінші сортты 1 миллион 645 мың 700 сомның өнімін шығарудың орнына, 1 миллион 779 мың 300 сомның бірінші сортты өнімі шығарылды. Сонымен бірге, бізде мемлекет қаржысын үнемдеу дұрыс жолға қойылды. Өнімнің өзіндік құнын кемітуден, отын, электр қуатын және материалдарды үнемдеп жұмсау есебінен артель үстіміздегі жылдың бірінші жартысында 32 мың 700 сом мемлекетке пайда келтірді.

Еңбекшілердің өскелең тілектеріне сай жұмыс істеп, өндірісте еңбектің озат үлгісін көрсететін озаттардың саны мұнда күн санап көбейіп келеді. Өнімді көп және сапалы шығару жолындағы жарыста Александра Унжакова жолдас басқаратын цех коллективі жақсы көрсеткіштерге

отырудың негізі—коллективтің мәдениетұрмыс дәрежесіне ерекше көңіл бөлін, олардың талаптарына құлақ асып, оны орындауда. Тек үстіміздегі жылдың өзінде 30-дан астам артель жұмыспылары еліміздің ірі қалалары мен селоларындағы курорттарда дем алды.

Облысымызда тың және тыңайған жерлердің көп игерілуіне байланысты туысқан республикаларымыздың көптеген қалалары мен селоларынан мыңдаған патриоттар келіп жатыр. Оларды қыс киімдерімен қамтамасыз ету үшін, облыстық барлық киім-кешек тігетін артельдерінің алдына да зор міндеттер қойылады. Ол үшін біздің артель де өнімді бұрынғыдан едәуір артық шығаруға тиісті. Солай болатұрса да еңбекшілердің өскелең тілектерін қамтамасыз етуде едәуір кемшіліктер кездесіп отыр. Оның бастысы—өндіріс алаңының тарлығы, тігін машиналарының жеткіліксіздігі. Бұл қыйын жағдайдан тез шығып кету үшін облыстық кәсіпшілік советінің басшылары бізге нақтылы көмек көрсетулері керек.

Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындары ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге патриоттық бастама көтерді. Бұл бастаманы артельдің барлық коллективі зор өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындап шығу үшін пайдаланылмай келген ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерді толық есептеп шығарды. Сондай-ақ, өндіріс жұмыстарының біркелкі жүргізілуіне жетудің, өнімді қатаң график бойынша біркелкі шығарып, оның сапасын жақсарта отырып, бесжылдық жоспарды 1955 жылдың 15 мартына дейін аяқтап шығуға міндеттенді. Алынған міндеттемені аброймен орындап шығу жолындағы жарыс күн санап қыза түсуде.

Ш. БЕКЕЖАНОВА.
Қаладағы «9-май» кәсіпшілік артелінің председателі.

ЖАС МАШИНИСТЕРДІҢ ТАБЫСТАРЫ

Бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жөніндегі Москва кәсіпорындарының бастамасын Петропавл депосының паровозшылары қызу қолдап, алған міндеттемелерді орындауда жаңа табыстарға ие болуда. Ауыр жүк тиелген составтарды алып жүруші машинистер қатарына бұрын аты естілмеген және локомотивті жаңада тапа игеріп, сапарға өнді-енді шығып жүрген жас паровозшылар ауыр салмақты поездар жүргізушілер жарысына қатысуда.

Паровозды өздігінен жүргізгелі бір ай болған жас машинист Глухов Петропавлдан Есілкелге шыққан сапарында ауыр жүк тиелген поезды ойдағыдай жеткізді. Ол жоспардан тыс 870 тонна жүк тиеп, паровоздың техникалық жылдамдығын едәуір арттырды. Есілкөлден қайтқан сапарында да ауыр жүк тиелген поезд жүргізіп, Петропавл станциясына көрсетілген мерзімнен 1 сағат 3 минут бұрын келді.

Тандаулы машинист Замковой жолдас жоспар бойынша 2500 тонна жүк тиеудің орнына, 3500 тонна жүк тиеп, бұл поезды Есілкөл станциясына мерзімінен бұрын жеткізді. Мұнымен бірге локомотивтің техникалық жылдамдығын арттыру жөнінде алған міндеттемесін ойдағыдай орындады.

Бесінші бесжылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындау жөніндегі социалистік жарысқа ұштаса отырып, тандаулы паровоз бригадалары еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсуде. Мәселен, аға машинист С. Попов жолдас бастаған паровоз бригадасы Петропавлдан Макушинге 4084 тонна жүк тиелген поезд алып баруды ойдағыдай ұйымдастырды. Машинистің көмекшісі Локиенко, паровоз кочегары Красиков жолдастар локомотивті техникалық күтімде ұстап, өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарды. Осының нәтижесінде паровоз бригадасының коллективі Макушиннен кейін оралған сапарын да жақсы көрсеткіштермен аяқтады. Мәселен, олар Макушиннен қайтқан жолында жоспардан тыс 1100 тонна жүк әкеліп, жолда қосымша су алмастан, станцияға көрсетілген мерзімнен 30 минут бұрын келді.

В. АХРЕМЕНКО.
Паровоз депосының операторы.

Т. С. МАЛЬЦЕВ ӘДІСІ—ЕГІН ШЫҒЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛЫ

Жуырда ауыл шаруашылығы қызметкерлері мен мамандарының облыстық кеңесі болды. Кеңеске қатысушылар топырақты өңдеу мен егін егу жөніндегі Т. С. Мальцев ұсынған әдістерді біздің облысымыздың колхоз, совхоздарында қолдану туралы мәселені талқылады.

Колхоз, МТС, совхоз басшылары мен агрономдар топырақты өңдеу, егін егу жөніндегі жаңа әдістердің үстіміздегі жылдың көктемінен бастап өндіріске қолданылып отырғанын және келесі жылы бұл әдіс едәуір кең көлемде қолданылатынын айтты. Сонымен бірге олар Т. С. Мальцев әдісін өндіріске творчестволықпен қолдану жөнінде өзара пікір алысты.

Төменде облыстық кеңеске қатысқан ауыл шаруашылығының біртоп қызметкерлері мен мамандарына сөз беріп отырмыз.

Топырақты дұрыс өңдеу керек

Мен үстіміздегі жылдың август айының бас кезінде Курган облысы, «Заветы Ленина» колхозында шақырылған Бүкілодақтық кеңеске қатыстым. Т. С. Мальцев кеңеске қатысушыларды өзі жұмыс істеген «Заветы Ленина» колхозының егін далаларымен таныстырды.

Бұл колхоздың егін далаларының барлығы да арамшөптерден тазартылған. Егін учаскелерінің бірде-бірінде қара сұлы, далуен, жатаған бидайық көрінбейді, тек кейбір алаңдарда бірен-саран шырмауық ғана кездеседі. Бұл топырақты жаңа әдіспен өңдегенде тез құртуға болмайтын арамшөп. Муны Мальцев жолдастың өзі де баяндамасында атап айтқан болатын.

Т. С. Мальцев жолдас Бүкілодақтық кеңесте жасаған баяндамасында үстіміздегі жылдың көктемінде әрбір гектарға себілген сұлы мен бидай тұқымдарының нормасын белгілеуде қателіктер жібергенін айтты. Колхозда дәнді дақылдар себілін жүрген учаскелердің топырағы бірнеше жылдар бойына минералдық қоректі заттарды өзіне көп жинап келген. Сондықтан ондай учаскелердің топырақ құнарлылығы тұқым қаншама қою себілсе де оны қоректендіре алатын болған. Осыған байланысты Т. С. Мальцев жолдас мұндай учаскелердің әрбір гектарына жаздық бидай тұқымын себу нормасын 170-тен 200 килограмға дейін жоғарылаткан. Бірақ ауылшы-зерттеу мекемелері құнарлылығы жақсартылған учаскелерге көптеп себілетін тұқымның сорттарын әлі белгілей қоймағаны ескерілмеген.

Егіннің шығымдылығын арттыруда тұқым мен мерзімдерін дұрыс белгілеудің маңызы зор. Тұқым себу мерзімдерін егістік жерлердің топырағының жағдайына қарай белгілеп қана қоймай, сонымен бірге көктем кезіндегі ауа райының ерекшеліктерімен де санаса отырып белгілеу керек. Бұл Т. С. Мальцев әдісіндегі басты мәселенің бірі болып отыр. Соңғы жеті жыл бойына «Заветы Ленина» колхозы дәнді дақылдар тұқымын себуді өте қысқа мерзім ішінде өткізіп келеді. Бірақ мұнда тұқым себуді бастау және аяқтау жыл сайын көктемнің бір мерзімінде жүргізілмейді. Ол ауа райының ерекшеліктеріне және егістік алаңдардағы арамшөпті құрту жұмыстарына байланысты өзгертіліп отырылады.

Күзгі уақытта арамшөптер өсіп- өну қабілетін жоймайды, дегенмен олардың бұл кездегі көктеуі нашар болады. Ал Мальцев жолдас ұсынған топырақты өңдеудің жаңа әдістері арамшөп тұқымдарының көктемде тез көктеп шығуына жағдай туғызады, сөйтіп олар жерді көктемде өңдеу кезінде құрытылады. Арамшөптердің қалған тұқымдары тез өсіп-өне алмайтын болады, өйткені олар тез өсуге әзірлік кезеңінен қайта өтуі керек. Ал бұл кезде себілген дақылдардың тұқымы тез көктеп, өсіп-жетіле береді.

Мальцев жолдас топырақ өңдеудің жаңа әдісін қолдануда бірсарындылыққа жол бермеуді бізге баса ескертеді. Осыған байланысты біздің облысымыздың жағдайында бұл әдісті механикалық түрде қолдану дұрыс емес. Ауыл шаруашылығының мамандары, колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері топырақты терең жырту, дақылдарды топырағы сыдыра жыртылған аңызда ұзақ уақыт өсіру туралы, жергілікті жердің топырағы мен климат жағдайын еске ала отырып, жерді өңдеу, тұқым себу мерзімдері және топырақ өңдейтін құралдар туралы мәселелерді біз әрбір ауданның, әрбір колхоздың нақтылы жағдайында шешуге тиістіміз.

Біздің облысымыздың жағдайында шөптанапты ауыспалы егіс жүйесі едәуір күрделі мәселе болып табылады. Бұл мәселені топырақ құрылымының ауа райының, сондай-ақ әрбір шаруашылықтағы егістікке жарамды жер мөлшерінің және оның экономикасының нақтылы жағдайларымен санаса отырып шешу керек.

Приешім МТС-нің қамтуындағы колхоздар топырақ өңдеу мен егін егудің Т. С. Мальцев ұсынған әдістерін өндіріске творчестволықпен қолдануға баса назар аударып отыр. Быйыл біз қайырмасыз плугпен 723 гектар пар, 380 гектар зябь жырттық. Сонымен қатар едәуір көлемде пар мен зябь бұрынғы әдіс бойынша 20-22 сантиметр терендікте қыртысы аударыла жыртылды. 1955 жылы біржылдық дақылдар егісі үшін 5 мың гектар жерді қайырмасыз плугпен терең жыртатын лущильникпен өңдейтін боламыз. Сондай-ақ егістік алаңдардың топырағын нығыздау үшін оны бұдырлы шаңтаспен малалаймыз. Келесі жылы МТС қамтуындағы колхоздарда егілетін 40 мың гектар ауылшаруашылық дақылдарының 15 мың гектарын Т. С. Мальцев әдісі бойынша өңдеуді ұйғарып отырмыз. Колхозшылар МТС механизаторларымен тығыз ынтымақтаса отырып, келесі жылы барлық егіс көлемінен жоғары өнім алу күресінде жанаймай еңбек етуде.

М. БОЕВ,
Приешім МТС-нің бас агрономы.

Т. С. Мальцев әдісі—егіннен мол өнім алу әдісі

Біздің колхоздың егіншілері жаңаашыл, колхоз ғалымы Т. С. Мальцевтің топырақты өңдеу, егін егу жөнінде ұсынған жаңа әдістерін зерттеуге және оны істе қолдануға ерекше назар аударуда. Бұл әдісті іске қолданудағы алғашқы тәжірибе жұмыстары өзінің игі нәтижесін берді.

Үстіміздегі жылдың көктемінде № 3 егіс бригадасында тәжірибе участогі үшін көлемі 113 гектарлық егістік алаң іріктеліп алынды. 1953 жылы бұл участоктің әрбір гектарынан 17 центнер өнім алынған болатын. Көктемде оның 77 гектары сабан-топаннан тазартылды. Содан кейін аңыз дискелі лущильникпен 7-8 сантиметр терендікте сыдыра жыртылды. 18-19 майда бұл жерге «мильтурум —553» сортты тұқым себілді. Ал 36 гектары қосымша түрені бар плугпен 20- 22 сантиметр терендікте қыртысы аударыла жыртылып, оған да «мильтурум—553» тұқымы егілді. Тұқымды себу бұл екі участокте бір мезгілде және бір мөлшерде жүргізілді.

Сол сыяқты № 1 егіс бригадасында 96 гектарлық участоктің 26 гектары түренді плугпен қыртысы аударыла жыртылды, 70 гектары дискелі лущильникпен өңделді. Оның екеуіне де 12 -13 майда «цезиум—111» бидай тұқымы себілді. Ал бұл 96 гектарлық участок екі жыл бойына (1951—1952 жылдары) парға жыртылды. 1953 жылы бидайдың әрбір гектарынан 18 центнерден өнім жинады. Бірақ бұл участоктің кейбір жерлерінің топырағы сортаң болатын.

Екі бригададағы тәжірибе участоктеріне жүргізген бақылау жұмыстарында, дискелі лущильникпен өңделген аңызға себілген тұқымның жыртылған жердегіден 3 күн бұрын өніп шыққаны байқалды. Көктемде және жаз айларының алғашқы жартысында жауын- шашынның аз болғанына қарамастан аңызға егілген егін біркелкі және тез өніп- өсті. Ал, көктемде жыртылған участокке егілген егін қуаңшылықтан едәуір зыянданды, бастартуға дейінгі дәуірдің өзінде-ақ сабақтың төменгі жағындағы шашақтар құрай бастады. Егін жинау кезінде көк-

Колхозда бірнеше жылдан бері біржылдық және көпжылдық шөп егу жұмысы жүргізіліп келеді. Бұл жөніндегі тәжірибемізі біржылдық шөп егудің шаруашылық үшін тиімді екендігін көрсетіп отыр. Өйткені жыл сайын біржылдық шөптен өнім едәуір мол алынып жүр де, көпжылдық шөптен аз алынуда. Мәселен үстіміздегі жылы біржылдық шөп егісінің әрбір гектарынан 15-18 центнер шөп өнімі алынды. Ал көпжылдық шөптің гектарынан алынған өнім небары 4-5 центнер ғана болды.

Қоғамдық малды жай жемшөппен қамтамасыз ету үшін біржылдық шөп егістерінің көлемін ұлғайта берудің маңызы зор. Өйткені көпжылдық шөп егістері мен табиғи шабындықтардан алынатын шөп қоғамдық малды жай жемшөппен қамтамасыз ете алмады. Солай бола тұрса да бізде біржылдық шөп егу жұмысы қанағаттанғысыз жүргізілуде. Бұған бөгет болып отырған жағдай сол, суданка, могар сияқты біржылдық шөптердің тұқымы жеткіліксіз. Сонымен бірге біздің облыстың ауа райы жағдайында біржылдық шөп егістері толық пісіп жетілін үлгермейді. Сондықтан олардан даңдастырылған жақсы тұқым алынбай жүр. Мұндай қолайсыздықтарды жою үшін облысымыздың сорт участоктерінің мамандары біржылдық шөптердің жергілікті ауа райы жағдайына икемдік сорттарын зерттеп, оларды іріктеп алуға ерекше көңіл аударуға міндетті.

Біздің колхоздың егіншілері келесі жылы дәнді дақылдардың едәуір бөлігін егуді Мальцев әдісі бойынша жүргізуді көзде отыр. Бұл үшін быйыл күзде 263 гектар алаң лущильникпен өңделді. Қайырмасыз плугпен 30-35 сантиметр терендікте 120 гектардан астам пар жыртылды. Топырақты өңдеу мен егін егуге Т. С. Мальцев әдісін қолдану арқылы топырақтың құнарлылығын сақтауға және оны арттыра беруге қолайлы жағдай жасалды. Бірақ бізде қазіргі қолданылып жүрген жер өңдеу құралдарымыз жаңа әдісті өз ісімізге творчестволықпен енгізуімізге мүмкіншілік бермейді. Мәселен, бізде қайырмасыз плугтер, егінді мала-

Тың—халық байлығы

Тың жерлерді игерудегі басты мәселе оның топырағын өңдеуді дұрыс жүргізу болып табылады. Бізде көп жылдар бойы тың жерлер дәнді дақылдар егу үшін жыл сайын терең және қыртысы аударыла жыртылып жүр. Т. С. Мальцев жолдас көп жылғы тәжірибе жұмыстарын жүргізудің және топырақ құрылымын зерттеудің нәтижесінде тыңды өңдеудегі мұндай әдістің жақсы нәтиже бермейтінін анықтады. Топырақтың қыртысын аударып, жыл сайын жырту табиғат заңын өзгерту немесе бұзу әрекеті болып табылады, топырақты бұлай жырту микроорганизмдердің тіршілік жағдайын өзгертуге, ауалы ыдыраған процесін күшейтуге, топырақтың құрылымын бұзуға және оның құнарлылығын кемітуге әкеліп соқтырады. Мұнын өзі тың жер өңдеу жұмысын дұрыс жүргізбей, топырақтың құнарлылығын өте шашпаң бұлдіруге біз өзіміз себепші болып жүрміз деген сөз.

Тың— халық байлығы. Егер тың жерлердің топырақ құрылымындағы ерекшеліктерді терең зерттеп, оны өңдеуді дұрыс жүргізсек, онда бұл жерлердің құнарлылығын ұзақ уақытқа дейін сақтап қана қоймай, сонымен бірге оны жылдан жылға арттыра аламыз.

Біз жерді жыл сайын жырту топырақтың құнарлылығын азайтады деген қағиданың ақиқатына жету үшін быйыл бірқатар тәжірибе жұмыстарын жүргізуге әзірлік жасадық. Совхозда көлемі 480 гектарлық тәжірибе участогі бар. Мұнда 20 гектары әдеттегідей қосымша түрені бар плугпен қыртысы аударыла, 80 гектары қайырмасыз плугпен терең жыртылды. Ал қалған бөлегінің топырағы лущильникпен тайыз ғана өңделді. Келесі жылдың көктемінде бұл участоктерге бір сорт ты дәнді дақыл тұқымы себілетін болады және тұқым себу жұмысын бір мерзімде жүргізуді ұйғарып отырмыз. Жүргізілін отырған осы тәжірибе жұмысының қорытынысы бізге тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеруді дұрыс ұйымдастыруымызға кең жол ашады.

Т. С. Мальцев жер жағдайына бейімделген сортты тұқымдарды іріктеп алуға және оларды себу мерзімін дұрыс белгілеуге ерекше зер салып келеді. Мұнын өзі егін шығымдылығын арттыруға қолайлы жағдай жасап отыр. Міне бұл мәселеге біз де үнемі көңіл бөлуіміз керек.

Бізде көп егілін жүрген бидай тұқымдары —«мильтурум—321», «цезиум—111», «мильтурум—553», және «смена» сортты тұқымдары. Бұл тұқымдардың көктеп шығу және пісіп жетілу мерзімдері әртүрлі. Мәселен, «смена» сортты тұқым ерте піседі, ал «мильтурум» кеш піседі. Олардың пісіп жетілу мерзіміндегі бұл ерекшеліктер тұқымдарды себу мерзімін дұрыс белгілеуді талап етеді. Совхоз егіншілері осыны еске ала отырып, кеш пісетін тұқымдардан көктемнің ерте мерзімдерінде және ерте пісетін тұқымдарды кешігіпкіреп себуді ұйымдастырып келеді.

Егіннің ерте пісін жетілуі топырақтың құнарлылығына да байланысты. Соңғы жылдары «гордейформе—10» сортты тұқымының парға егілгенде кеш, тыңға егілгенде ерте пісетіндігі анықталып жүр. Сондықтан да біз «гордейформе—10» сортты тұқымын парға бірінші кезекке себеміз де, тың жерге екінші кезекте себеміз. Тұқым себуді бұлай ұйымдастыру кеш пісетін сорттардың күзге дейін толық пісін жетілуін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге егін жинауды жоспарлы түрде және қыска мерзімде өткізуге қолайлы жағдай жасайды.

Айта кететін бір мәселе, облысымыздың колхоз, совхоздарында егілін жүрген «смена», «цезиум —111» сортты тұқымдар қарақүйеге тез шалдығады. Бұлардың ішінде, әсресе «цезиум—111» сортты тұқымда қарақүйенің көбірек болатыны байқалып жүр. Бірақ біз аталған тұқымдардағы мұндай кемшіліктің жоюға жете назар аудармай келеміз. Осының салдарынан үстіміздегі жылы да әзірлентен тұқымда қарақүйе бар екенін мойындауымыз керек. Астық өнімділігін арттыра беру үшін сортты тұқымдардағы бұл сияқты кемшіліктерді жою колхоздар мен совхоздардағы агрономдардың басты міндеті. Сондықтан да біздің совхоздың агрономдары бұл мәселемен, әсресе үстіміздегі жылы ерекше шұғылданып отыр.

Жаңадан игерілген тың және тыңайған жерлерде ауыспалы егіс жүйесін енгізудің маңызы зор. Бірақ бұл мәселе күні осы уақытқа дейін ескерілмей келеді. Жаңа жерлерде ауыспалы егіс жүйесі бұрынғы қолданылып жүрген тәртіп бойынша енгізіле ме, әлде Т. С. Мальцев ұсынған ауыспалы егіс жүйесін қолдану қолайлы бола ма, міне, бұл жөнінде облыстық совхоздар трестінің мамандары бізге нақтылы кеңес бермей келеді. Бұл кемшіліктерді де дереу жойып, жаңадан игерілін жаткан жерлерге ауыспалы егіс тәртібін енгізу мәселесін шұғыл шешу керек.

М. ОНИЩЕНКО,
Торанғұл совхозының бас агрономы.

Асса маңызды жаңалықтар

Мальцев әдісін өндіріске батыл қолдану—астық молшылығын жасаудың негізгі бір шарты екенін біздің өткен жыл-

нуы қажет. Өйткені бұл көп еңбекті керек етеді.

Қазақ ССР Совхоздар министрлігі бұл

Творчестволықпен қолданылатын әдіс

Біздің совхоздың коллективі соңғы жылдары жердің құнарлылығын арттырамыз деп көпжылдық шөпті көп екті. Атап айтқанда, фермаларымызда шөптанапты егіс жүйесі толық игерілді.

өнім алу жоспарланса, соңғы бес жыл бойына алынған өнім 12 центнерден аспай жүр. Сөйтіп біріншіден, мал шаруашылығын жемшөппен қамтамасыз етеді, екіншіден, жерді күртксесектендіріп, қ

Өткен жылы біздің совхоздың екінші және төртінші фермаларында 300 гектар алаң екіге бөлініп, егін егу Мальцев әдісі бойынша жүргізілді.

Үстіміздегі жылы Мальцев әдісі бойынша 600 гектар пар жұмысталды, яғни әрбір ферма 150 гектардан пар бар. Зябь 700 гектар. Қайырмасыз плугпен жыртылған жер мың гектардай болды. Алдағы жылы бұл жерлерден алынатын өнім мөлшері тың жерлерден алынатын өнімнен кем болмайтындығына сенім зор.

Жерді сыдыра жырту туралы да айтқан жөн. Өйткені бұл Мальцев системасы бойынша топырақ өңдеуде үздіксіз қолданылатын әдіс. Біздің совхозда сыдыра жырту ерекше орын алмағанмен бұл істен аздап тәжрибе бар. 1944 жылы көктемде екінші фермада 170 гектар аңызды сыдыра жыртып еккен егін құрғақшылыққа да шыдамды болатындығын байқатты. Күз бұл жерлердің әрбір гектарынан 25 центнерден өнім алынды. Бізде егінді сыдыра жыртылған жерлерге егудің озаттығы бар сыяқты. Бірақ сыдыра жырту да әр түрлі. Бізде кәзір көктемге 1202 гектар жер сыдыра жыртылып, дайындалды. Сонымен бірге биыл бірінші рет өнім алынған 400 гектар тың аңыз қар тоқтату үшін сол күйінде қалдырылды. Бұл көктемде сыдыра жыртылады. Сонда өнім қай кезде сыдыра жыртқанда көп болатыны белгілі болады: күзде ме, әлде көктемде ме.

Егіне егіннен мол өнім алу жайында болғандықтан егістік жерді тіле-жару жөнінде айта кеткен дұрыс. Меніңше бұл әдіс егіншілікке әдеттегіше пайдалануға келмейтін жерді де, атап айтқанда, сортаң жерді іске асыруға жағдай туғызар еді. Бізде мұндай жерлер аз емес. Оларды аудара жыртуға болмайды. Өйткені мұндай жағдайда жердің соры үстіне шығып қалады. Бұл жөнінде біз совхоздар тресінен мың гектардай жерді 5-7 сантиметрдей терендікте сыдыра жыртып қана егін егуге рұқсат етуін сұрадық.

Меніңше бұл шараның шұғыл іске асырылуы қажет. Ол жақсы нәтиже де бере еді. Мұндай жерде ылғалдың мол болуы үшін жерді тіле-жару әдісін қолдану керек. Сонда әр гектар егістікте 200 текшеметр ылғалдық су сақталатын болады. Бұл ылғал көктемгі кез үшін аз емес. Ал жазғы жаңбыр кезінде тілме-жарықшақтар үстеп ылғал жыйнайды. Бұл —ставропольдықтардың әдісі.

Тілме-жарықшақтарды жасау өте оңай. Ол үшін кәлмгі бес тілді плугке жерді 60 сантиметр терендікте осып отыратындай екі пышақ орнатылады: оның бірі—плугтың алдыңғы тілінің түсына екіншісі—соңғы тілдің түсына бекітіледі. Олардың арақашықтығы 140 сантиметр. Мұндай пышақтар плуг жүріп келе жатқанда жерді тілім, терең жарық жасап отырады. Жарықтар тіпті күзгі суыққа ұзақ уақыт қатпай, бойына су жыйнай береді. Меніңше бұл ерекше мән беруге тұрарлық іс. Сондықтан көктемнен бастап облыс колхоз, совхоздарында арнаулы тілме-пышақтар жасау ісі жаппай қолға алы-

300 гектар жерді осы әдіспен дайындау тапсырылды. Бірақ ол әлі орындалған жоқ. Басты қыйыншылық—тілменышақты дайындауда, әзірше мұндай дайын пышақтар жоқ. Ал оларды жергілікті біздегі мастерскойларда жасау өте қыйын. Жасағандарымыздың бірі қысқа болады кейісі ұзын болып болтты қырқып жібереді. Ашылы жерлерді тіле-жару жаппай зер салуды керек ететін аса бір перспективалы іс.

Колхоз жаңашылы, ғалым Мальцев тапқан топырақ өңдеудегі жаңа система елімізде астық және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасауға бірден-бір прогрессивті система. Сондықтан біз мұны да, жерге тілме-жарықтар жасау сыяқты егіншілікті ылғалдандырудың жаңа әдістерін де өндіріске батыл қолдануымыз керек. Егіншіліктен мол өнім алуға тек жаңашыл әдістерді іске батыл қолдану арқылы жететіндігімізді ұмытуға болмайды.

С. ЛАРИН.

Преснов совхозының директоры.

аңыздағы егін № 3 егіс бригадасында 2,6 центнер, № 1 егіс бригадасында 1 центнерге жуық артық өнім берді.

Т. С. Мальцев біржылдық өсімдіктердің топырақтың құнарлылығын арттыра алатындығы туралы мәселені — агротехникалық ғылымдағы ең басты мәселе деп санайды. Сонымен бірге ол егер біржылдық өсімдіктер күзде және көктемде солып, органикалық қалдықтардың шіруі ауасыз жағдайда болатын болса, олар мұндай жағдайда топырақтың құрылымын жақсарта алады деп атап көрсетеді. Осыны нетізге ала отырып, біз жаздық арпа мен күздік қара бидайды бір алаңға егу тәжрибесін қолдандық.

Быйыл көктемде 14 гектар жерге ұзын бойға арпа септік те, көлденеңінен күздік қара бидай тұқымын септік. Бұл участоктің әрбір гектарынан 8 центнер таза арпа жыйналды. Күздік қара бидайдың әрбір түбінде 20-25 сабақ шығып, қысқы маусымға дейін ойдағыдай өсіп-өніп келді.

Қолда бар плуттермен топырақты Мальцев жолдас ұсынғандай 40-50 сантиметр, тіпті онан да терең жыртуға болмайды. Міне, бұл біздің ісіміздің нәтижелі болуына өзінің зиянын тигізетіні күмәнсіз. Сондықтан облыс, аудан, МТС басшылары колхоздарды қайырмасыз плугпен, егінді малалайтын, өңдейтін басқа да құралдармен жабдықтау ісіне ерекше назар аударуға тиіс.

Колхоз ғалымы Т. С. Мальцев әдісі бойынша топырақты өңдеудің тиімді екенін колхозшылар алғашқы тәжрибе жұмыстарында-ақ көрді. Кәзір олар бұл әдісті терең зерттеп үйрену үстінде. Біз топырақ өңдеудің жаңа әдістерін өндіріске творчестволықпен енгізе отырып, елімізге астық молшылығын жасау ісіне үлесімізді қоса береміз.

С. СИБҒАТУЛЛИН,

Полудень ауданы, «Путь Ильича» колхозының председателі.

Совхозда егін шығымдылығын арттыруға қажетті шаралар іске асырылып отырылды. Топырақ құрылымын жақсарту үшін осы күнге дейінгі агротехникалық ережелерге сәйкес 8-9-10 шөп танаптары игерілді. Бірақ, шынында бұл шаралардың іске асырылғанына қарамастан әлі күнге совхоз жерінің құрылымы күртке-сектенбей, ұсақ топырақты күйінде қалып отыр.

Мұның үстіне совхоздың жыртуға жарамды 22 мың гектар жерінің 45 проценті ғана, яғный 10,5 мың гектары пайдаланылуда. Қалған жерді пар мен екпе шөп алып жатыр.

Осыншама көлемді егістік алаңа орналастырылған екпе шөптің шығымы да нашар болып келді. Соңғы он жыл ішінде екпе шөптерден алынып келе жатқан өнім мөлшері мынадай: көпжылдық шөптің әрбір гектарынан 16,6 центнер өнім алу жоспарланған болса, алынғаны 8,6-ақ центнер; біржылдық шөптен 29 центнер

ЖАҢА ӘДІСТІ ҚОЛДАНУ ЖОЛЫНДА

Преснов МТС-нің коллективі топырақ өңдеу мен егін егудің ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол және тұрақты өнім алуға көмектесетін жаңа әдіс—Т. С. Мальцев әдісі бойынша топырақ өңдеу системасын кең қолдануға ынтық. Жуырда біздің МТС-те Мальцев әдісін талқылауға арналған кеңес болды. Оған трактор бригадасының бригадирлері, механиктер, агрономдар тағы басқа мамандар қатысты. Кеңесте «Топырақ өңдеу мен егін егудің жаңа әдісі туралы» деген тақырыпта баяндама жасалып, Мальцев әдісін өндіріске қолдану жайы талқыланды. Сәйтіп, МТС қамтуындағы әрбір колхозда жаңа әдістің өндіріске кең қолданылуының бастамасы —тәжрибе участоктер жасау ісі белгіленді. Топырақты өңдеудің жаңа әдісі ауа райының қуаңшылығына қарамастан тұрақты өнім алуды қамтамасыз етеді. Біздің егін егуші колхозшылар мен механизаторлар арасында бұл әдістің қызу қолдау табуы осындай озат ерекшеліктерінен.

Алайда жер өңдеудің жаңа системасын тікелей практикада қолдану ісінде көп агрономдар мен бригадирлер үлкен қыйыншылыққа ұшырап жүр. Оның бірсыпырасы жаңа системаның мәнін әлі жетік біямеуде болса, оның үстіне жаңа әдісті қолдану мүддесі бірқатар ауылшаруашылық машиналарына өзгерістер жасауды талап етеді. Бізде Мальцев әдісімен егілген участоктің әлі аз болуын осылар сыяқты себептерден деп білеміз.

Дегенмен жаңа әдісті өндіріске сынау үшін МТС-тің бірсыпыра жұмыс істегенін жоққа шығаруға болмайды. Быйыл көктемде игерілген 584 гектар тың сыдыра жыртылды. Сонымен қатар осы участокке іргелес 397 гектар жер көктемде сыдыра жыртуға қалдырылып отыр. Қайырмасыз плугпен жыртылған 177 гектар зябь бар. 11 гектар пар терең қопсытылған. 1955 жылы қайырмасыз плугпен терең парға жыртуға арналған 182 гектар жер сыдыра жыртылды. Сонымен біздің колхоздарда келесі жылы Мальцев әдісін өндірісте сынау 1351 гектар жерде жүргізіледі.

Бізде жаңа әдістің озаттығын дағдылы әдіспен салыстыра байқау ісіне ерекше назар аударылуда. Мысалы, «Сталин жолы» колхозының жанындағы Ортақшыл ауылындағы быйыл көктемде игерілін бірінші рет бидай егілген 54 гектар алаң, өнім жыйналысымен дағдылы әдіс бойынша түренді плугпен 20—22 сантиметр қалыңдықта зябыке жыртылды. Соның қатарындағы 140 гектар алаң сыдыра жыртылды. Оның ішінде 90 гектары бір рет сыдыра жыртылды да, қалған 50 гектары тоғысалы әдіс бойынша сыдыра жыртылды. Сондай-ақ осы участоктермен қатар 120 гектар жер қыс қарды жақсы ұстап, ылғалды мол жыйнауы үшін аңыз күйінде қалдырылды.

Екінші алаңда (быйыл жері үшінші рет жыртылған) 20 гектар жер зябыке қайырмасыз плугпен 35-40 сантиметр терендікте жыртылды да, соның жанында бірсыпыра жер көктемде жыртуға қалдырылды. Сәйтіп келесі жылы екі түрлі әдіспен жұмысталған жердің беретін өнім мөлшерін көрнекі түрде салыстыруға жағдай жасалды. Тағы 110 гектар арамшөбі қалың егістік алаң сыдыра жыртылып, 1955 жылы қайырмасыз плугпен терең жыртуға әзірленді. Мұнымен қатарлас басқа участок дағдылы әдіспен қырғысы аударыла жыртылмақ.

Сонымен қызылтулы № 5 комсомолжастар трактор бригадасының өзінде ғана тәжрибе алаңы жеткілікті болды. Егер колхоз агрономы мұнда істелетін жұмыстың үлгілі ұйымдастырыш, жаңа әдістің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ететін болса, келесі жылы істің тамаша нәтиже беретініне сенім зор. Ол үшін агроном жаңа әдіс бойынша істелген әрбір жұмыстың жазба есебін ұқыпты жүргізуі керек. Әсресе қандай тұқымның қай участокке себілгенін және қалай жұмысталған участокке себілгенін, олардың қайсысы қандай нәтиже бергенін анықтау қажет. Бұл жаңа әдісті қолданудағы қателіктердің бетін ашып, оны колхоздардың жергілікті табиғат ерекшеліктеріне байланысты творчестволықпен қолдануды қамтамасыз етеді.

Жаңа әдісті өндіріске қолдануда бастапқы кезде қателіктердің болуы мүмкін. Біз осы жылғы өндірістік тәжрибе ісінде бірсыпыра қателіктер жіберіп алдық: сыдыра жырту жұмысы кешіктірілді; қайырмасыз плугпен терең жырту ісі кейбір колхоздарда плугтың артқы доңғалағы алынбай жүргізілгенді себепті оның терендігі небары 27 сантиметр ғана болды. Жалпы бізде қайырмасыз плугпен жырту үшін плугтың соңғы доңғалағы, раманың соңғы ушкіршесін, тіркеуші отыратын орынның тіреуіші алып тасталып плуг трактормен биік тіркелді. Бұл жердің қыртысын аударма 45 сантиметр терендікте жыртуды қамтамасыз етті. Бұлайша жыртқанда 3 түрлі плугпен жүрген «ДТ—54» тракторының сменалық жұмыс көрсеткіші 3,5 гектар болды.

Меніңше жаңа әдісті өндірісте кең қолдану үшін бұл жөнінде орын алған кемшіліктерді мұқыят есепке алған жөн. Сонымен қатар Мальцев әдісі бойынша топырақ өңдеу системасының мәнін жете түсініп, іске саналы түрде қолданудың ролі ерекше зор.

Ең алдымен Мальцев әдісі бойынша өңдеу —көпжылдық және біржылдық өсімдіктердің органикалық қалдықтарын топырақтың неғұрлым терең қабатында, тығыз топырақта, ауаның оттегі жеткіліксіздігі жағдайында шіріту. Осының нәтижесінде пайдалы шірінді құрылып, біржылдық өсімдіктер топырақтың күртке-сектені берік құрылымын жасайтын, сәйтіп оның құнарлылығын арттыра алатын болады.

Мұнымен бірге Мальцев әдісімен топырақ өңдеу системасында жерде ылғалды тұрақты және ұзақ сақтауға жағдай туады. Бұл тіпті құрғақшылық жылдары да егіннен тұрақты мол өнім алуды қамтамасыз етеді. Үшіншіден, бұл система — егістік жерді арамшөптен айықтырудың ең тиімді түрі. Сондай-ақ, жерді қайырмасыз плугпен жырту сортаң және қыртысын аудара жыртуға болмайтын сапасыз жерлерді де егістікке пайдалануға мүмкіндік береді.

Елімізде астық молшылығын жасау үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеруде біздің МТС-те елеулі табыстарға жетіп отыр. Жоспардағы 22800 гектар тың 25120 гектар болып асыра орындалды. Сонымен қатар үстіміздегі жылы келесі жылдың егісіне дайындалған жер көлемі де едәуір артты. Егер өткен жылы осы уақытта 16843 гектар жер дайындалса, быйыл 49577 гектар жер дайындалды. Яғни бұл өткен жылғыдан үш есе артық.

1955 жылы барлық колхоздарда да жыртуға жарамды егістік жерлер түгел игерілмек. Міне осындай егіншіліктің зор перспектива алуына жағдай жасалған кезде жер құнарлылығын жақсартып, егін шығымдылығын арттыру ісі бірінші кезектегі мәселе болып есептелінеді. Сондықтан біз егістік жер көлемін онан әрі көбейте отырып, бұл саладағы озат әдіс—Мальцев әдісін алдағы жылдары кең түрде қолдануды қамтамасыз етуге жан-жақты жағдай жасаудамыз. Келесі жылы МТС қамтуындағы колхоздарда кемі 3-5 мың гектар жер сыдыра жыртылады. Сонымен бірге 1956 жылдың парын түгелдей алдын ала лущильникпен өңдеуді қамтамасыз етемін. Бұл алдағы жылдары Мальцев әдісін өндіріске онан әрі кең қолдануымызға мүмкіншілік береді.

Преснов МТС-нің коллективі партия мен үкметіміз алға қойып отырған астық молшылығын жасау ісін жеңілдетуге келелі үлес қосатын жаңалық бастамалардың қандайын болса да практикалық істеріне батыл қолдануға әрқашан дайын.

В. СОКОЛОВ,

Преснов МТС-нің бас агрономы.

налты егіс системасы өзін ақтай алмайтындығын байқатты.

Астық шаруашылығынан гөрі, шөп танапты егіс шаруашылығымен көбірек шұғылданып кетуіміздің салдарынан совхоз малға ірі сабақты жемшөпті таба алмастай халде дейін жетті. Бастапқы кездерде мал азығына пішен табиғи шабындықтардан дайындалды. Бара-бара совхоз шабындықты мемлекеттік қордағы жерлерден іздеуге мәжбүр болды. Сәйтіп біздің мал азығын дайындаудың өзіндік құны әлде қайда артып, шаруашылыққа үлкен залал келтірді.

Міне, бұл келтірілген фактілердің барлығы совхоздың егістікке жарамды жерінің 45 процентін шөп танапты егістіктің алып жатуы егін шығымына кері әсерін тигізді. Біз бұдан қалай шығудың амалын көп іздестірдік. Топырақ өңдеудің Т. С. Мальцев көрсеткен жаңа системасы егістік жердің құнарлылығын арттыру үшін оған көпжылдық шөпті егін сонымен егінге деген жерді азайтып жатудың кажет емес екендігін көрсетті.

Т. С. Мальцев көпжылдық өсімдіктер сыяқты біржылдық өсімдіктердің де жерді органикалық жағынан бай етіп, топырақтың күрткесекті құрылымын жасай алатындығын өзінің ұзақ байқаулары мен терең зерттеулері арқылы дәлелдеп отыр. Ол үшін біржылдық өсімдіктерден кейін де топырақты органикалық қалдықтарың ауаның жетімсіздігінен шіріпіндей жағдай жасау кажет.

Біз бұл озат тәжрибемен танысқаннан кейін оны топырақ өңдеу ісіне жергілікті жер жағдайына сәйкес пайдалануды ойластырудамыз. Біздің Мальцев әдісі бойынша жыртылған парларға өңдеу жұмысы Мальцевтің өзі көрсеткендей тәртіппен жүргізілетін болады.

Мальцев әдісінің жергілікті жер жағдайына қарай қалай қолданған тиімді екендігін өндірісте сынау үшін әрбір жүргізілген шараларды мұқыят есепке алған жөн. Сондықтан бізде алдағы жылы егілген егіннің мерзімі, оның көктеп шыққан уақыты және осы сыяқтанған Мальцев әдісі бойынша жүргізілген агротехникалық шаралар ұқыпты түрде есепке алынып, оның қай кезде жақсы нәтиже беретіндігін анықтамақшымыз. Сәйтіп келесі жылдары егін мол өнім берген мерзімде тұрақты егілетін болады.

Топырақ өңдеудегі жаңа әдісті өндірісте кең қолдану үшін жер қыртысын жұмыстағыш машиналардың ролі ерекше зор. Жаңа әдіс өзіне кажетті жаңа машиналарды керек етеді. Атап айтқанда егін егу және топырақ өңдеуді жаңа әдіспен жүргізу үшін плугтың, тырманың жаңа түрлері және бұдырлы катоктар кажет. Бұл аталған ауылшаруашылық машиналарының жаңа түрлері әлі жеткілікті болмағандықтан оларды жергілікті мастерскойларда жасау ісін ұйымдастыру керек. Меніңше бұған бізде мүмкіншіліктер де бар.

Л. ДЬЯЧЕНКО,

С. М. Киров атындағы совхоздың директоры.

ОБЛЫС МЕКТЕПТЕРІНДЕ

Мектеп комсомол ұйымдарының жұмысы жақсартылсын

БЛКЖО-ның XII съезі комсомол ұйымдарын оқушыларды социалистік Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеп отыруға күшін де, уақытын да аямауға тиіс деп атап көрсеткен болатын. Мектеп комсомол ұйымдары оқушыларды коммунистік рухта тәрбиелеуде олардың күнделікті практикалық өмірімен тығыз байланысты, терең, тұрақты білім алуына оқытушылар коллективіне көп көмек көрсете алады. Комсомол ұйымдары өздерінің жұмыстарын дұрыс жолға қойған мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарының табысты болатындығы даусыз. Сондықтан да алдыңғы қатарлы мектептердің оқытушылар коллективі оқу жылының алғашқы күндерінен бастап-ақ өздерінің жұмыстарын комсомол мен пионер ұйымдарының көмегіне сүйене отырып жүргізеді. Бұған мысал ретінде Октябрь ауданының Ленин атындағы орта мектебін алуға болады.

Бұл мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының жоспары жасалған кезде комсомол және пионер ұйымдарының жұмысына айрықша көңіл бөлінген. Оқу басталысымен-ақ айтылған ұйымдардың нақтылы жұмыс жоспары жасалып, олардың оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын көтеруге белсенділікпен қатысуы қарастырылды. Алдыңғы қатарлы комсомол мүшелері пионер отрядтарына вожатый болып тағайындалды. Мектепте жұмыс істейтін көптеген үйірмелерге комсомолдар белсенді түрде қатысумен бірге оларға барлық оқушыларды тартуға көмектесті. Мектеп комсомол ұйымының жиналысында комсомол мүшелерінің оқу үлгерімдері, қоғамдық жұмыстарға қатысулары үнемі талқыланып отырды. Комсомолдар өз инициативасы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеруші патриоттар үшін көптеген концерттер ұйымдастырды.

Комсомолдардың инициативасымен мектеп оқушылары колхозда астық жинау, мал азығын дайындау сияқты маусымды жұмыстарға елеулі көмек көрсетті. Мәселен, осы мектеп оқушыларының күшімен 200 гектар алаңның шөбі шабылып, 2200 центнер пішен маяға салынған. Комсомол ұйымының осындай дұрыс жұмыс істеуінің нәтижесінде оқушылардың оқу үлгерімі өткен жылдармен салыстырғанда анағұрлым жақсарды. Комсомол ұйымының жұмысы, дұрыс жолға қойылған мұндай мектептердің қатарына Совет ауданындағы Аралағаш, Октябрь ауданындағы Ольгинка жетіжылдық мектептері, қаладағы Горький, Герцен атындағы орта мектептер жатады. Бұл мектептердің оқытушылар коллективі комсомол ұйымдарының жұмысына үнемі көмектесіп, басшылық етіп отырады.

Дегенмен облысымыздың барлық мектептеріндегі комсомол және пионер ұйымдарының жұмысы дұрыс жолға қойылған деуге болмайды. Мектептеріміздің көпшілігінде әлі де болса комсомол ұйымдары[illegible]паганның өзінде, осы оқытушы комсомолецтердің өзі осы уақытқа дейін есепке тұрмаған. Ал аудандық комсомол комитеті бұл үшеуінің әрқайсысына «сен ұйым секретарі бол» деп қатынас та жазған. Әрине, мұндай жағдайда комсомол ұйымының жұмысын жақсарту туралы сөз де болуы мүмкін емес. Дәл осындай жағдай Преснов ауданының кейбір мектептерінде де кездесіп отыр.

Оқу-тәрбие жұмыстарын табысты ұйымдастыруда пионер ұйымдарына да көңіл бөлмей қоюға болмайды. Егер пионер жұмыстары өте қызғылықты ұйымдастырылса, оқушылардың да сабаққа, қоғамдық жұмыстарына ынтасы зор болады. Бірақ Преснов ауданындағы Киров атындағы жетіжылдық мектептің оқытушылар коллективі бұл мәселені ескермей отыр. Мұнда оқу жылының алғашқы күнінде-ақ пионер ұйымының жоспары жасалып, бекітілген болатын. Онда әртүрлі қызғылықты мәселелер де қамтылған-ды. Ағапионер вожатыйы болып Мажарова жолдас тағайындалды. Амал не, бұл қызғылықты жоспарды орындауға Мажарова жолдас та, мектеп дирекциясы да көңіл бөлмеді. Рас, пионерлердің арасында әртүрлі тақырыптарға әңгімелер, ойындар өткізілп тұрады. Бірақ оларға оқушылардың түгел қатысуы қарастырылмаған. Бұл жұмыстарға, әсресе қазақ кластарының оқушылары тартылмайды. Мұны Мажарова жолдас «қазақ кластарында оқыйтын оқушылар орысша білмейді» деген сөзбенен түсіндірмек болады. Егер орыс тілін нашар меңгерген балаларды өздерінің қатарына тартып, олардың орыс тілін меңгеруіне көмектеспейтін болса, пионер ұйымы жұмысының қандай мәні болмақ.

Мектепте комсомолецтер қатарын көбейтуге мүмкіншілік толық. Соған қарамастан оқу жылының басынан бері бірде-бір оқушы комсомол қатарына қабылданбаған. Кәзір мектепте оқыйтын жүзден астам оқушының ішінде тек қана үш комсомолец бар. Егер комсомолдар саны көп болса, ұйымның жұмысы да қызықты, олардың мектеп коллективіне көмегі де мол болған болар еді. Мұны Жаңа жол жетіжылдық мектебінің дирекциясы ескеруі тиіс.

Кейбір мектептерде комсомолдар арасында тәрбие жұмыстарының жеткіліксіз ұйымдастырылуы салдарынан олардың оқу үлгерімі өте төмен болып келеді. Мәселен, Преснов ауданындағы Баян орта мектебінде 143 комсомолецтің 59-ы бірнеше пәндерден нашар бағалар алған. Сол сияқты, олардың арасында мектеп оқушыларына жат мінездер көрсеткен комсомолецтер де кездесті. Ал бұлардың тәртібін комсомол жиналысында қарау, сөйтіп, олардың дұрыс жолға түсуіне көмектесу мүлде ұмыт қалған. Комсомолецтердің көпшілігінің нашар үлгеруі қаладағы № 4, № 2 орта мектептерде де кездесіп отыр.

РУМЫНИЯ МЕН АЛБАНИЯ АРАСЫНДАҒЫ САУДА КЕЛІСІМІ

БУХАРЕСТ, 30 ноябрь. (СОТА). Румын телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, Бухаресте Румын Халық Республикасы мен Албан Халық Республикасы арасында товар айырбастау және төлеу жөнінде келісімге қол қойылған.

Бұл келісім бойынша Румын Халық Республикасы Албанияға мұнай өнімдерін, қағаз, әйнек, толь және басқа да товарларды жеткізіп беретін болады. Ал Албания Румынияға хром рудасын, мыс және басқа да товарларды шығаратын болады.

ҚЫТАЙ КӨРКЕМ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ КОПЕНГАГЕНДЕГІ КӨРМЕСІ

КОПЕНГАГЕН, 30 ноябрь. (СОТА). Қытаймен мәдени байланыс жасаудың Дания қоғамы Копенгагенде қытайлық көркем бұйымдардың көрмесін ұйымдастырды. Көрме Дания астанасы тұрғындарының зор қызығушылығын тудырды. Көрмеге келгендердің бәрі де қытай гравюраларын, лактен жасалған бұйымдарды, литографияларды және басқа да экспонаттарды қызыға көрді.

СОВЕТ ЖӘНЕ АЛБАН ФУТБОЛШЫЛАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУІ

ТИРАНА, 30 ноябрь. (СОТА) Албан телеграф агенттігінің хабарлауы бойынша, кеше Тиранада Албания астанасының құрама командасы мен Ленинградтық «Еңбек резерві» командасының арасында футбол матчы болған. Кездесу 1 : 0 есебінде совет футболшыларының пайдасына шешілген.

БИРМА ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ХАНОЙДА БОЛУЫ

ПЕКИН, 30 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі Бирманың премьер-министрі У Ну 29 ноябрьде Вьетнам Демократиялық Республикасының астанасы —Ханойға келді деп хабарлады. Бирма премьер-министрінің құрметіне президент Хо Ши Минде болған қабылдаудан кейін, келіссөздер жүргізілген. Келіссөздер аяқталғаннан кейін, Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин мен Бирма одағының премьер-министрі У Ну төмендегідей мазмұндама жариялады.

«Бүгін президент Хо Ши Мин мен премьер-министр У Ну кездесіп, Вьетнам сияқты Бирма да мүдделі болып отырған әртүрлі мәселелерді талқылады.

Президент пен премьер-министр Индо-Қытайда бейбітшілікті нығайту проблемасымен шұғылданды, Индо-Қытайда бейбітшілікті нығайту Индо-Қытай елдеріне үлдену жағдайында тәуелсіз, сыртқы ешқандай араласусыз өмір сүруге және Оңтүстік-Шығыс Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтауға көмектесер еді.

Президент пен премьер-министр Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі мен Бирма одағы үкметінің Қытай мен Индияның және Қытай мен Бирманың бірлескен мәлімдемелеріндегі бес

Совет Үкметінің 23 октябрьдегі және 13 ноябрьдегі ноталарына АҚШ, Франция және Англия үкметтерінің жауаптары

29 ноябрьде АҚШ-тың, Францияның және Англияның Москвадағы елшіліктері Совет Үкметінің осы жылғы 23 октябрьдегі және 13 ноябрьдегі ноталарына жоғарыда көрсетілген елдер үкметтерінің жауап ноталарының текстерін ССРО Сыртқы Істер Министрлігіне почта арқылы жолдады.

Мазмұны жағынан бірдей бұл ноталарда АҚШ, Франция және Англия үкметтері «Париж келісімдерін мүмкін болғанынша неғұрлым тез іске асыруға» өздерінің берік бел байлап отырғанын мәлімдеген.

«Даулы мәселелерді барлық қатысушылардың кәзіргі мүдделерін өзара құрметтеу рухында жүргізілетін келіссөздер арқылы шешуді» тілеп отырғанын мәлімдеп, сонымен қатар АҚШ үкметі, сол сияқты Франция мен Англия үкметтері де өздерінің пікірінше, кәзіргі уақытта «Германия немесе Австрия жөнінде, сондай-ақ европалық хауіпсіздіктің басқа да мәселелері жөнінде ойдағыдай кеңес өткізуге қажетті негіз» болмай отыр-мыс дегенді айтқан.

Жауап ноталардың қорытындысында былай деп көрсетілген: жоғарыда аталған үш державаның үкметтері осындай негіз құрылғаннан кейін, «шешімдер табудың нақты перспективасы бар екені анықталысымен-ақ және Париж келісімдерін тиісті елдер бекіткеннен кейін» төрт сыртқы істер министрінің кеңесін өткізуді, мүмкін деп санайды.

Ал европалық елдердің коллективтік хауіпсіздік системасын құру жөніндегі кеңесіне келетін болсақ, үш державаның үкметтері бұл ноталарында, өз пікірлерінше, «европалық және басқа мүдделі державалардың бұдан да гөрі кең кеңесін өткізу» мүмкін деп мәлімдеген. Бірақ бұл ретте де мұндай кеңесті тек төрт сыртқы істер министрінің кеңесінен кейін және бұл кеңес «пайдалы» болған сәуде ғана өткізуге болады деген мағнада ескертпе жасалып отыр.

Совет Үкметінің 13 ноябрьдегі нотасына кейбір Батысевропалық елдер үкметтерінің жауаптары

29 ноябрьде ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Москвадағы тиісті елшіліктер мен миссиялардан Совет Одағы Үкметінің осы жылғы 13 ноябрьдегі нотасына Дания, Норвегия және Бельгия үкметтерінің жауап ноталарын алды.

Бұл ноталарда жоғарыда көрсетілген үкметтер, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе жөнінде Жалпыевропалық кеңес өткізу жайындағы Совет Үкметінің ұсынысын қабылдамай, өздерінің кеңеске қатыспайтынын АҚШ, Англия және Франция үкметтеріне жауап ноталарында келтірілген сылтаулармен дәлелдеген.

Италия, Исландия , Туркия және Люксембург үкметтерінің осындай жауап ноталары сол күні ССРО-ның бұл елдердегі дипломатиялық өкілдіктеріне де тапсырылған.

„Лисынмандық демократия“

Оңтүстік Кореяның ұлттық жиналысындағы төбелес

ПХЕНЬЯН, 30 ноябрь. (СОТА). Шетелдер агенттігінің хабар етуіне қарағанда, 27 ноябрьде Оңтүстік-Кореяның ұлттық жиналысының мәжілісінде лисынмандық топтардың өкілдері конституцияға түзету енгізген. Бұл түзетуде Ли Сын-Манға президенттікке қайтадан сайлауға шек қоймау қарастырылған (кәзіргі конституция бойынша президенттің өкмет басында отыруы 4 жылдан екі мерзімге шектеледі).

Бірақ бұл ұсынысты жақтап түзету енгізуге қажетті дауыстың үштен екісінен азырағы ғана берілген.

Бұған қарамастан, 28 ноябрьде Ли Сын Ман өз бетінше түзетуге заң күшін енгізген. Конституцияны бұл сияқты дөрекі бұзушылықты жуып-шаю үшін ұлттық жиналыс председателінің орынбасары Цой Сун-жу дауыс берудің бұдан бұрын ресми жарияланған нәтижесі «қате» деп жариялаған. Цой Сун-жу сөз сөйлеп тұрған кезде депутаттардың бірі оны трибунадан сүйреп түсіруге әрекеттенген. Осының салдарынан оңтүстік-кореялық ұлттық жиналысы депутаттарының арасында төбелес басталып кеткен.

Жапониядағы саяси жағдай жөнінде

ШАНХАЙ, 28 ноябрь. (СОТА). Жапон парламентінің төтенше сессиясы ашылатын күн (30 ноябрь) жақындаған сайын Жапониядағы саяси жағдай барған сайын қатты шиеленісуде.

Токио байқаушыларының бағалауынша, Иосиданың кабинеті дұшар болып отырған саяси дағдарыс дәл кәзіргідей әлі ешуақытта да күшті болған емес. Барлық солшыл партиялар мен топтар ғана емес, сонымен қатар бұрынғы консервативтік екі партия — «прогрессіл» партия мен «Жапонияның либералдық партиясы» бірігіп, жақында құрылған «Жапонияның демократиялық партиясы» дейтін партия да, сондай-ақ Иосиданың либералдық партиясынан бөлініп шыққан 40-қа жуық депутаттар да парламентте Иосиданың кабинетіне қарсы шығуда.

Солшыл партиялардың Иосида кабинетінің атына айтқан сынының басты өткір ұшы сыртқы саясат пен сыртқы экономика мәселелерінде кабинетті Құрама Штаттардың өктемдігіне бағындыруға қарсы, сонымен қатар Иосида үкметі жүзеге асырып отырған Жапонияны ремилитарландыру саясатына қарсы бағытталуда. Консервативтік лагерьде Иосидаға саяси жағынан қарсы шығушы Ициро Хатояма басқаратын «Жапонияның демократ[illegible]нінен жүргізе бастаған. Кеше солшыл және оңшыл социалистік партиялардың басшылары Кобеде бірлескен митинг өткізіп, онда Иосида кабинетінің орнынан түсуін және парламенттің жаңа сайлауын өткізуді талап еткен. Сол күні Мито қаласында Жапонияның жұмысшы-шаруа партиясының председателі Хисао Курода саяси жағдай туралы мәлімдеме жасап, Иосида үкметінің тезінен орнынан түсуін және өкмет билігін солшыл партиялардың қолына беруді талап еткен.

Өзінің басшысы Хатояманы премьер-министрдің қызметіне өткізуге күш салып тырысушы «Жапонияның демократиялық партиясы» дейтін жаңа консервативтік партия мейлінше белсене әрекет жасауда. Ол осы мақсатпен кәзір жапон жұртшылығының арасында ерекше тартымды болып отырған демократиялық лагерьдегі елдермен қатынастарды бірқалыпқа келтіру ұрандарын кеңінен пайдаланып, осы әрекеттен саяси пайда түсіруге ұмтылуда. Хатояма 26 ноябрьде Осакада алғашқы программалық сөз сөйлеп, бұл сөзінде кәзіргі премьердің ішкі және сыртқы саясатын қатты сынаған, бұл саясатты «демократияға қарсы және халыққа қарсы» саясат деп атаған.

Кәзіргі туған саяси дағдарыс жағдайы[illegible]мен «біртұтас қуатты партияға» бірігуге шақырған.

Кәзіргі жағдайда жапон билеушілер топтары, әсресе монополистік капиталмен байланысты топтар солшыл саяси лагерьдің позициялары нығаюына жол бермеуге барлық күшін салып бағуда.

Билеуші либералдық партия басшылығының соңғы айла-әрекеттері осы қулық-сұмдықтардың бәрімен тікелей байланысты, өйткені бұл партия өкметті ұстап тұруға тырысуда. Хатояма партиясымен ымыраға келісу үшін либералдық партияның басшылығы Иосиданы құрбан етуге ұйғарып, оған партия председателінің қызметінен кетуді және бұл қызметті партияның басқа басшысы, премьер-министрдің кәзіргі орынбасары Такеторо Огатаға беруді ұсынған.

Хабарларға қарағанда, Иосида мұндай қызмет орнын ауыстыруға «ресми келісім» берген.

Екінші жағынан, «Жапония демократиялық партиясының» да кәзіргі туған жағдайдан барынша тиімді пайда түсіруге тырысып, онан әрі айла-әрекет жасап отырғаны мәлім болды. Токио радиосының хабарына қарағанда, бұл партияның бас секретары Киси баспасөзге арналған мәлімдемесінде былай деп көрсеткен: егер

орын алып келеді. Облыстық оқу бөлімінің Октябрь, Преснов, Петропавл аудандарының мектептерінде жүргізген инспекторлық тексерісінің қорытындысында бірсыпыра мектептерде комсомол ұйымдарының оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуда оқытушылардың ең жақын көмекшісі екендігін түсінбеу, олардың жұмысына нақтылы баға бермеу сияқты әдеттердің бар екендігі анықталды.

Октябрь ауданының Марьевка орта мектебі облысымыздағы ірі мектептердің бірінен саналады. Мұнда оқушылардың тең жарымынан астамы комсомол мүшелері. Соған қарағанда мектеп оқушыларының оқу үлгерімі ойдағыдай болуы, мектеп өмірінің қызықты болуы тиіс. Бірақ, мұнда керісінше болып отыр. Мектепте комсомол ұйымының жұмысына ешқандай басшылық жасалмайды. Тіпті, мектеп дирекциясы мектептегі комсомолдар санының қанша екендігін нақтылы білмейді. Комсомол ұйымының жұмысына мұнша лықты мән бермеу олардың сабақ үлгерімінің нашар болуына көп әсер етті.

Комсомол ұйымының жұмыстары осы аудандағы Жаңа жол жетіжылдық мектебінде де дұрыс ұйымдастырылмаған. Бұл мектепте жұмыс істейтін үш оқытушы комсомолец бар. Мектеп оқушыларын айт-

Мектеп комсомол ұйымдарының жұмысты нашар істеуіне аудандық комсомол комитеттері де кінәлі. Бұйыл мектеп комсомол ұйымдарының секретарьлары болып оқытушылар сайланды. Бұл комсомол ұйымының жұмысын анағұрлым қызықты, қызығушылық тудыратындай етіп жүргізуге мүмкіншілік береді. Аудандық комсомол комитеттері комсомол ұйымдарының секретарьларына деркезінде көмек көрсетіп отыруға тиіс еді. Алайда, жаңдай керісінше болып отыр. Аудандық комсомол комитеттері мектептердің жұмысымен таныспайды. Тек қатынастар арқылы ғана нұсқау береді. Октябрь аудандық комсомол комитетінің бірде бір қызметкерлерінің сол аудан орталығындағы Марьевка орта мектебінде болмағандығы, олардың жұмысындағы кемшіліктермен танысып, оны жоюға көмектеспегендігі бұған айқын дәлел.

Комсомол ұйымы —мектепте зор күш. Комсомолдар оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға көп көмек көрсетеді. Тек олардың көмегін дұрыс пайдалана білу керек. Мектеп дирекциялары бұл жағдайды естен шығармауға тиіс.

А. СЕЙІТБЕКОВ,

Облыстық оқу бөлімі мектептер бөлімінің меңгерушісі.

Мектеп үйірмелерінде

Ленин атындағы орта мектепте (Октябрь ауданы) 19 үйірме жұмыс істейді. Буларға оқушылардың барлығы дерлік қатысуы қарастырылып, олардың жұмысын басқаруға тәжрибелі оқытушылар тағайындалған. Мәселен, математика үйірмесін оқытушы А. Қалиахметов жолдас басқарады. Ол үйірменің жұмысын оқушылардың математика пәнінен алған теориялық білімдерін практика жүзінде пайдалана білуге бағыттай жүргізуде. Үйірме мүшелері колхоздағы бухгалтерлік есеп жүргізумен танысып, есеп-шотпен пайдалануды үйренді. Физика үйірмесінің жұмысы да қызықты өтуде. Оқытушы Е. Сейдахметов жолдастың басшылығымен үйірме мүшелері әр түрлі физикалық сс-

паптар жасауды меңгеріп, көптеген қызықты лабораториялық жұмыстар жүргізді. Ал 30-ға жуық оқушылар кино көрсету аппаратының құрылысы және оның жұмыс істеу тәртібімен танысты.

Мектепте екі жылдан бері механикалық үйірме жұмыс істейді. Үйірме мүшелері тракторлар және басқа да ауыл шаруашылығы машиналарының құрылысымен танысады. Мәселен, кәзір олар «ДТ 54» тракторының құрылысымен танысуда.

Үйірме қажетті құралдармен де толық қамтамасыз етілген. Сол сияқты, басқа да пәндік үйірмелер мен көркемонерпаздар үйірмелері ойдағыдай жұмыс істеуде.

Е. ЖҰСЫПБЕКОВ.

Әдебиет кеші

Жақында Смирнов орта мектебінде әдебиет кеші өткізілді. Кеште жазушы Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» романы талқыланды. 10-класс оқушысы Г. Балтабаев романның тақырыбы, идеялық және көркемдік дәрежесі туралы баяндама жасады. Баяндамадан кейін сөйлеген оқушылар Омаров, Жағыпаров және басқалары жеткеленген образдарды талдап, романның құндылығы мен кемшіліктерін жақтары жөнінде өздерінің пікірлерін айтты. Кешке жоғары класс оқушылары түгел қатысты.

Қ. ТАСЫРОВ.

Үгітші мұғалім

Қаратал жетіжылдық мектебінің (Октябрь ауданы) оқытушылары колхозшылар арасындағы үгіт- көпшілік жұмыстарына үнемі қатынасып отырады. Олардың ішінде, әсресе Қ. Ғаббасов жолдас үлгілі жұмыс істеп жүр. Ол өзіне бөлінген он үйлікте ғылми-атеистік тақырыптарға және Т. Мальцев жолдастың жер өңдеу жүйесі жөнінде де бірнеше әңгіме өткізді. Олардың ішінде оның «Айуанаттар дүниесінің шығуы», «Ғылми болжау және діни наныымдар» деген әңгімелері өте қызықты өтті. Ғаббасов жолдас кәзір Қазақ ССР халық соттарының сайлауы жөнінде әңгімелер өткізіп жүр.

Қ. АСЫЛТАЕВ.

принциптер жайындағы көзқарастарының толығынан бір екендігін атап көрсетеді, сонымен бірге, бұл принциптер Вьетнам мен Бирма арасында, сол сияқты басқа да мемлекеттер арасындағы қатынастарға қолданылатын болуы қажет деп санайды.

Президент Хо Ши Мин мен премьер-министр У Ну Вьетнам мен Бирма арасындағы достық нығаюы және бұл екі елдің арасындағы қатынастар бұрынғыдан да берік қалыптасады деген сенім білдірген.

ГРЕЦИЯДАҒЫ МУНИЦИПАЛЬДЫ САЙЛАУДА БИЛЕУШІ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ЖЕҢІЛІСКЕ ҰШЫРАУЫ

АФИНЬ, 30 ноябрь. (СОТА). 21 ноябрьден 28 ноябрьге дейін Грециядa муниципальды сайлау өткізілді. Сайлауға премьер-министр Папагостың «Гректік жыйын» билеуші партиясына қарама-қарсы оппозициялық партиялардың блогы қатысты. Оппозициялық партияға Біртұтас демократиялық солшыл партия (ЕДА), Ұлттық прогрессивтік орталық одақ (ЭПЕК) пен еңбекші халықтың Демократиялық партиясы кірген.

Сайлаудың ақырғы қорытындысы шығарылмағанмен, баспасөздің хабарлауы бойынша топшылағанда, сайлауда оппозициялық партиялар жеңіске жеткен.

«Авги» газетінің хабарлауы бойынша. 76 ірі сайлау округтерінің ішінде 46 сайлау округінде оппозицияның өкілдері сайланған. Оппозиция партияларының кандидаттары Афинь, Салоники қалаларының және 10 мың адамнан астам тұрғындары бар басқа да 10 қаланың мәрлігіне сайланған.

Франс Пресс агенттігі «орта топтар мен жұмысшылардың наразылығына байланысты маршал Папагостың «Гректік жыйын» партиясы жалпы алғанда көптеген орындарынан айрылды», деп атап көрсетеді.

Рейтер агенттігінің тілшісі былай деген: шолушылардың пікірі бойынша, біртұтас майданның табысын сайлаушылардың арасында—орталық партия мен солшыл қанатты жақтаушы сайлаушылардың алғаш рет жүзеге асырылып отырған ынтымақтастығының, сонымен бірге ұсақ буржуазия ішіндегі сайлаушылардың үкмет саясатына наразылығымен, түсіндіруге болады.

ДАНИЯ ХАЛҚЫНЫҢ ӨМІРЛІК МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ

КОПЕНГАГЕН, 30 ноябрь. (СОТА). Парижде жарияланған европалық экономикалық ынтымақтастық ұйым деп аталатын баяндамада Дания үкметіне алымсалықты өсіруге, ел ішінде тұтынуды қысқартуға және өз өндірісін ұлғайтудың орнына, өндіріс товарларын шетелден сатып алуға ақыл берілген.

Жоғарыда аталған ұсынысқа түсінік бере келіп, «Ланд ог фольк» газеті, бұл Дания еңбекшілерінің тұрмыс дәрежесін төмендетуді талап етумен бірдей деп жазады.

тиялық партиясы» да кәзіргі үкметтің АҚШ-қа тәуелсіздігін қатты айыптауда.

Токио радиосының хабарларынан көрінгін отырғанындай, Посида үкметіне оппозиция жасаушы барлық партиялардың басшылары парламенттің алдағы сессиясына кәзіргі кабинетке сенім көрсетпеу туралы қарар енгізуге келіскен. Осыған байланысты парламенттің таратылуы және жалпыға бірдей жаңа парлямент сайлауының өткізілуі мүмкін екенін көрсіп, оппозициялық партиялар кәзірдің өзінде де елде сайлау алдындағы науқанды ке-

Венгрияның жергілікті Советтерінің сайлауы

БУДАПЕШТ, (СОТА). Бүгін бүкіл Венгрияда облыстық, қалалық және аудандық Советтердің сайлауы өтіп жатыр. Будапештің ұлттық жалаулармен және қызыл жалаулармен мерекедегідей безендірілген көшелеріне халық бүгін таңсәріден-ақ лектегімен шыға бастады. Барлық жерлерде сайлаушылардың зор белсенділігі байқалады.

Бүгін таңертең әсресе Будапештің 21-інші ауданы—Чепелде халық өте көп болды. Көптеген сайлаушылар участокте бүкіл семьяларымен келуде. Түнгі сменадағы жұмысшылар өздерінің азаматтық борышын өтеуге тікелей заводтардан келген. Көптеген өндіріс коллективтері сайлау күнін еңбекте табыстарға жетіп қарсы алды. Мұнда таңертеңгі сағат 10-ға дейін сайлаушылардың төрттен бір бөлегі дауыс беріп үлгерді.

Провинциялардағы дауыс берудің барысы туралы алғашқы мәліметтер түсті. Бұл мәліметтер де халық арасындағы саяси зор өрлеу туралы баяндайды.

Жергілікті Советтердің сайлау күні барлық жерлерде бүкілхалықтық мейрам ретінде қарсы алынды. Қалалар мен селоларда мейрамдық серуендер, спорт жарыстары, көркемонерпаздар коллективтерінің бұл күнге арналған концерттері өтіп жатыр.

Чехословакияның Ұлттық жыйналысы сайлауының алдын ала шығарылған қорытындылары

ПРАГА, 30 ноябрь. (СОТ). Чехословак телеграф агенттігі мынаны хабарлады:

28 ноябрьде Чехословак Республикасының бүкіл территориясында ұлттық жыйналыс депутаттарының сайлауы өткізілді. Сайлау сайлаушылардың зор белсенділік көрсетуі жағдайында өтті.

Алдын ала шығарылған нәтижелерге қарағанда, сайлауға 8.708.102 сайлаушы қатысқан , бұл сайлаушылардың жалпы санының 99,1 проценті. Берілген барлық бюллетеньнен 8.673.616 жарамды, ал 34.486—жарамсыз деп танылды. Ұлттық майданның кандидаттары үшін 8.482.894 сайлаушы дауыс берген, бұл барлық сайлаушылардың 97.8 проценті Барлық сайлаушылардың 2,2 проценті ұлттық майданның кандидаттарына қарсы дауыс берген.

Францияның ұлттық жыйналысында

ПАРИЖ, 30 ноябрь. (СОТА). Францияның ұлттық жыйналысында кеше екінші рет оқылған конституциялық реформа жобасын талқылау басталды. Соңғы төрт жыл бойына түрлі дәрежедегі орындарда әзірленіп талқыланған бұл жоба Францияның 1946 жылғы конституциясының 11 статьясын өзгертуді көздейді.

Жобаның авторлары кәзіргі конституцияның бірқатар демократиялық ережелерін жоюды үкметтің және парламенттің екінші палатасы —республика советінің өкілдіктерін ұлғайтуды мақсат етеді.

Жобада, атап айтқанда, үкмет басшысының өкілдіктерін бекіткен кезде конституциялық көпшілік принципінің орнына (314 дауыс) жай көпшілік принципін қолдану көзделінген.

Реформаның антидемократиялық ережелері мыналар: ұлттық жыйналыстың бюйында Жапонияның партиялары сайлау алдында блоктер құруға әзірленуде.

Осыған байланысты Жапонияның ең ірі кәсіподақ бірлестігі — кәсіподақтардың Бас советі басшыларының кеше болған кеңесі оңшыл және солшыл социалистерге, сонымен қатар жұмысшы-шаруа партиясына үндеу жазып, «кәзіргі конституцияны қорғау мүддесін көздейтін және елді қайта қаруландыруға қарсы бағытталған саясат жүргізу» мақсатымен және «болашақтағы сайлауда консервативтік лагерьді жеңу» мақсатыОгата басшылық етіп отырған либералдық партия Жапонияның «демократиялық партиясын өкмет басына келтіру ісінде онымен ынтымақтасатын болса, онда «екі консервативтік партия өзара келісе алады».

Бұл партияның саяси кескіні әсресе оның солшыл партиялар жөнінде ұстап отырған позициясынан айқын көрінді. Социалистермен ынтымақтасу мүмкіндігі туралы мәселеге тоқтай келіп, Киси өзінің «бәрінен гөрі либералдық партиямен ымыраласуды артық көретінін» мәлімдеген.

ИНДОНЕЗИЯ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ БАТЫС ИРИАННЫҢ ИНДОНЕЗИЯМЕН ҚАЙТА ҚОСЫЛУЫН ТАЛАП ЕТУДЕ

ДЖАКАРТА, 29 ноябрь. (СОТА). Бүгін бәспасөз көп адам қатысқан митингтер мен жыйналыстарда қабылданған, Батыс Ириаңды республикамен қайта қосуды талап еткен қарарлар мен партиялардың саяси қайраткерлерінің мәлімдемелерін жариялауда.

Анкара агенттігі Индозения президенті Сукарноның 27 ноябрьде жасаған мәлімдемесін берді, онда президент «Индонезия халқын барлық күш-жігерді өзінің ұлттық ой- армандарын жүзеге асыру үшін, толығынан тәуелсіз Индонезия мемлекетінің құрылуы үшін жұмсауға» шақырған.

30-дан аса партиялар мен кәсіподақтардың өкілдерінен құралған бүкіл индонезиялық координациялық комитеттің мәлімдемесінде «Империалистік Голландияның Батыс Ириаңды оккупациялауы бүкіл дүние жүзіндегі хауіпсіздік пен бейбітшілікке қатер туғызады» делінген. Комитет халықты Батыс Ириаңды Голландия тепкісінен құтқару жолындағы күресте бірлікті нығайтуға шақырған.

28 ноябрьде Макассарда көп адам қатысқан митинг болды. Оған қатысушылар «Батыс Ириаңды Голландия отарлаушыларынан азат ету жолындағы қиымылды күшейту туралы» қарар қабылдады.

Газеттердің хабарларында «Бостандық үшін күресушілердің қозғалысын басу» мақсатымен голландиялықтардың Батыс Ириан халқына террор жасап отырғаны айтылған.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ҮЛКЕН СЕМЬЯ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«МЕРЕКЕЛІ КЕШ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02907. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.**